Ойынның өтілу барысы: Психолог әрбір балаға көкөністің суреті бейнеленген карточкаларды таратады. Балалар шеңбер құрып тұрады да, әрқайсысы қолдарындағы қандай көкөніс екенін айтады. Содан соң психолог шеңбер ішіне кіріп қандайда бір көкөністің атауын атайды. Аталған көкөністің суреті бар бала шеңбер бойымен айнала қашады, ал жүргізуші баланы қуа жөнеледі. Ойыншы ұсталап қалмауы үшін балалардың қолындағы қандайда бір көкөністің атауын атауы қажет. Сол кезде кімнің қолындағы көкөністің атауы аталса сол ортаға шығып, қаша жөнеледі. Ал, 1 ойыншы көкөністің атауын атаған бойда орнына тұрады. Жүргізуші ұстап алам дегенше келесі көкөністің аты аталады. Ойын осылай жалғаса береді.

Ескерту: Алғашқы ойын кезінде психолог жүргізуші орнына ойнайды, кейінен жүргізушіні балалар арасынан таңдайды.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

У-у-у Желбірейді ту.
Таза болсын су.
Қалың болсын ну.
Сен қолыңды жу.

4. Релаксациялық жаттығу: «Кеме мен жел»

Мақсаты: шаршаған балаларды қалпына келтіруге арналған жаттығу. Біздің желкенді кемеміз толқында жүзіп келе жатып тоқтап қалғанын көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші. Біз оған көмектесу үшін желді көмекке шақырып көрейік. Демімізді ішке алып, ұртымызды ауаға толтырамыз. Ал енді бар күшімізбен ауаны үрлеу арқылы кемеге жүзіп кетуіне көмектесейік. Тағы да бір рет жәрдемдесуімізге болады. Менің желдің қатты соққанын естігім келеді. Жаттығуды 3 рет қайталауға болады.

Сабак №20

Тақырыбы: «Көңілді қоян»

Мақсаты: Балалардың зейінің дамыту, қимыл-қозғалыстарды үйлестіру, тілін дамыту, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Көктемнен теңізге, (қалықтап ұшу)
Таудан аспанға. (теңселу)
Ұшып қалықтайық, (ұшу)
Жан-жаққа қарайық

Құстай ұшып самғайық.

2. Ойын: «Көңілді қоян»

Мақсаты: Зейінің дамытады, сонымен бірге қимыл-қозғалыстарды үйлестіреді.

Ойын барысы: Балаға бір жұмсақ ойыншықты беріңіз де, өзіңізге ойыншықты алаңыз. Яғни мұнда, сіздің қолыңыздағы ойыншығыңыз қимыл-қозғалыстар көрсетеді де, ал баланың қолындағы ойыншық ол қимыл-қозғалысты қайталауы тиіс екенін балаға түсіндіріп өтіңіз. Одан кейін рөлдермен ауысыңыз.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Еш-еш-еш Болып қашты кеш.
От жағатын пеш.
Аяқ киімді шеш.

4. Релаксациялық жаттығу: «Кеме мен жел»

Мақсаты: шаршаған балаларды қалпына келтіруге арналған жаттығу.

Біздің желкенді кемеміз толқында жүзіп келе жатып тоқтап қалғанын көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші. Біз оған көмектесу үшін желді көмекке шақырып көрейік. Демімізді ішке алып, ұртымызды ауаға толтырамыз. Ал енді бар күшімізбен аузымыздағы ауаны үрлеу арқылы кемеге жүзіп кетуіне көмектесейік. Тағы да бір рет жәрдемдесуімізге болады. Менің желдің қатты соққанын естігім келеді. Жаттығуды 3 рет қайталауға болады.

Сабак №21

Тақырыбы: «Көрші»

Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтергі, қимыл-қозғалыс тағдырларын дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Қане, қайсы алақан
Біз-кішкентай балапан
Арлардың нәрі
Бау-бақшаның сәні
Тік, тік, тік пісте
Қысы-жазы бір түсте
Менің тұрақты мекенім
Сәнді етіп жүремін.

2. Ойын: «Көрші»

Мақсаты: Балалардың көңіл – күйлерін көтеріп, қимыл – қозғалыс дағдыларын дамыту.

Нұсқау: Балалар жарты шеңбер жасап отырады. Балалар сол жақтан бастап қасындағы көршілерінен «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрайды. Сол жақтағы көршісі «Көршіммен татумын» деп шалалақ ұрып еденге аяғын тарсылдатып жауап береді. Кімде – кім ойын барысында «Иә» немесе «Татумын» деп жауап берсе ойыннан шығады. Балаларды шатастыру үшін ойын жылдамдықпен орындалады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ға-ға-ға Атқа тақта таға.
Болсын таза жаға.
Аман болсын аға.

4. Релаксациялық жаттығу: «Таңғажайып бұлт»

Мақсаты: Релаксациялық жаттығу арқылы балаларды тыныштандыру, жағымды эмоцияны қалыптастыру.

Нұсқау: Балалар, алдымен ыңғайланып жатамыз, денемізді бос ұстаймыз. Көздеріңді жұмып, менің даусымды естіңдер. Жеңіл әрі жаймен демалыңдар. Өзіміздің жайма шуақ жаздың күнінде жап-жасыл алаңқайда жатқанымызды елестетіңдер. Аспанда жүзіп жүрген бұлттарға қарап қызықтап жатырмыз. Көгілдір аспанда аппақ, әр түрлі пішінді, мамық жастықшалар секілді бұлттар жүзіп жүр. Айналамыз тыныш әрі жайлы, жылы. Міне, біз ең үлкен, ең мамық ең әдемі ғажайып бұлтқа да жақындадық. Нәзік әрі мамық ғажайып бұлт сізді көріп қуанып, сізді ыстық құшағына алды. Біздің ғажайып бұлтымыз өзіңді бақытты сезінетін жерге апара жатыр. Ол жер біздің үйіміз, ата-анамыз, бауырларымыздың ортасы. Отбасы мүшелерінің арасында көңіліміз жайланып, бойымыз сергіп, тамаша күйге ендік. Енді ғажайып бұлтымыз бізді жаймен алаңқайға түсірді. Қанекей балалар ғажайып бұлтымызбен қоштасып, күлімсірейміз. Ал енді жаймен көзімізді ашамыз.

Сабак №22

Тақырыбы: «Сәбіз»

Мақсаты: Балалардың көңіл – күйлерін көтеріп, саусақ қимылдарын жетілдіру, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Апам үшін күнде мен
Отын ағаш жарамың

Су құянып тұлға да
Дүкенге де барамыз
Сәттарымыз үй ішін
Жүзіп алып табақты
Жылай калса бәбіміз
Жұбатымыз ойынып

1. Ойын: «Саусақ»

Мақсаты: Балалардың көңіл – күйлерін көтеріп, саусақ қимылдарын тәртіптеу.

Түрлері: Балалар қол саусақтарымен жұмыс жасай отырып, ойынының орындайды.

Әдісі: алып тазалаймыз. Екі қолды жұдырыққа түйіп, ысқылайды. Үлкішпен үгіп майдалаймыз. Екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге есік, жоғары төмен қозғайды.

Қимыл: ауып дәмдейміз. Саусақтардың ұшымен «қант» себеді.

Қимыл: құйып сәңдейміз. Қолды жұдырыққа түйген күйі айымақкүйген сияқты) қол білесігін жоғары төмен қозғайды.

Мінез: дайын нәр тағам. Екі қолын алдына жайып көрсетеді.

Дәруменге байлығы: Сүк саусағымен риза екендігін білдіреді.

3. Таң ұстарту жаттығуы:

Негізгі: Болсын мол ырыс.

Болсын қантты қыс.

Аман болсын туыс.

Ыдыстарды жуыс.

4. Релаксациялық жаттығу: «Ғаңғажайып бұлт»

Мақсаты: Релаксациялық жаттығу арқылы балаларды айналындыру, жағымды эмоцияны қалыптастыру.

Түрлері: Балалар, алдымен ыңғайланып жатамыз, денемізді бос ұстаймыз. Көздеріңді жұмып, менің даусымды естіңдер. Жеңіл әрі айымен демалыңдар. Өзіміздің жайма шуақ жаздың күнінде жапырақ сияқты жатқанымызды елестетіңдер. Аспанда жүзіп жүрген ұлттарға қарап қызықтап жатырмыз. Көгілдір аспанда аппақ, әр түрлі пішінді, мамық жастықшалар секілді бұлттар жүзіп жүр. Аппаламыз тыныш әрі жайлы, жылы. Міне, біз ең үлкен, ең мамық, ең әдемі ғажайып бұлтқа да жақындадық. Нәзік әрі мамық ғажайып бұлт сізді көріп қуанып, сізді ыстық құшағына алды. Біздің ғажайып бұлттымыз өзіңді бақытты сезінетін жерге апара жатыр. Ол жер біздің үйіміз, ата-анамыз, бауырларымыздың ортасы. Отбасы мүшелерінің арасында көңіліміз жайланып, бойымыз сергіп, тамаша күйге ендік.

Енді ғажайып бұлтымыз бізді жаймен алаңқайға түсірді. Қанекен балалар ғажайып бұлтымызбен қоштасып, күлімсірейміз. Ал енді жаймен көзімізді ашамыз.

Сабак №23

Тақырыбы: «Қолғаптар»

Мақсаты: Достық қарым – қатынас орнату, өзгемен бөлісе отырып жұмыс жасауға үйрену, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Күзде аспанға қараймын
Қайтқан құсты санаймын
Үш бұрыш боп тұрналар
Көк жүзінде сырғалар
Құстар, құстар келеді
Жерді шуға бөлейді
Көктем келді, деп бізге
Жаксы хабар береді.

2. Ойын: «Қолғаптар»

Мақсаты: Достық қарым – қатынас орнату, өзгемен бөлісе отырып жұмыс жасауға үйрену.

Нұсқау: Ортаға балалар шығады. Балаларға қағаздан қиылған түрлі – түсті қолғаптар таратылады. Балалардың әрқайсысы бір қолғапты алып, өзінің серігін (қолғаптың екінші жұбын) іздейді. Сонында жұптарын тауып кездескен балалар дос болады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ақ-ақ-ақ Шұңаңдайды лак.
 Сылдырлайды бұлақ.
 Болат бізге жақ.
 Жүріп жатыр санақ.

4. Релаксациялық жаттығу: «Таңғажайып бұлт»

Мақсаты: Релаксациялық жаттығу арқылы балаларды тыныштандыру, жағымды эмоцияны қалыптастыру.

Нұсқау: Балалар, алдымен ыңғайланып жатамыз, денемізді бо ұстаймыз. Көздерінді жұмып, менін даусымды естіңдер. Жеңіл әр жаймен демалыңдар. Өзіміздің жайма шуақ жаздың күнінде жай жасыл алаңқайда жатқанымызды елестетіңдер. Аспанда жүзіп жүрген

еттері көрші ыстықпен жатырмыз. Көгіздір испанди ашпак, әр
тап ойында, мамык жастықшалар секілді бұлттар жүзіп жүр.
Тыныштықтан әрі жайлап, жылы Міне, біт ең үлкен, ең мамык, ең
әді гажайып бұлтқа да жақындадық. Нәзік әрі мамык гажайып бұлт
ді көрші күүшөн, сүзді ыстық күншігана алды. Біздің гажайып
тыныш ойынд бақытты сезінетін жерге апара жатыр. Ол жер біздің
дәт, аяқ аямаз, бауырларымағдын ортасы. Отбасы мүшелерінің
сүйсіз көңіліміз жайлаптын, бойымыз сергін, тамаша күйге ендік.
ді гажайып бұлтқымыз бізді жайымен алаңқайға түсірді. Қанекей
өздер гажайып бұлтқымызбен қолтасып, күлімсірейміз.

Сабак №24

Ақпараттық «Бар ма, жоқ па?»

Мақсаты: Балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту, өзге
адамдардың эмоциялық сезімдерін түсінуді дамыту; сөйлеуде
эмоциялық коддерін болдырмау, тыңшандыру.

1. Серіту жаттығуы:

Көтеріміз қолымағдын,

Сопалымыз жоғары,

Бір,екі,үш,

Дененді солға бүр,

Қолымыз көмектесін,

Бөліңді шынықтыр.

2. Ойын: «Бар ма, жоқ па?»

Мақсаты: Балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту.

Тәртібі: Балалар бір-бірлерінің қолдарынан ұстап, шеңберге тұрады.
Әр кімде-кім айтылған пікірмен келіссе, қолдарын жоғары көтеріп
«Иә» деп дауыстап қолдарымен шапалақ ұрады. Егер пікірмен
келіспесе «жоқ» деп дауыстап аяқтарын еденге ұрады. Мысалы:
«Бәді балық бола ма?», «Бұзауда канат бола ма?», «Торайдың
жылы бола ма?», «Апанда есік бола ма?», «Әтеште құйрық бола
па?», «Скрипканың кілтгі бола ма?» т.с.с.

3. Таң ұстарту жаттығуы:

Ел-ел-ел Соқты самал жел.

Аман болсын ел.

Уақытында кел.

Гүлденіпті бел.

4. Релаксациялық жаттығу: «Таңғажайып бұлт»

Мақсаты: Релаксациялық жаттығу арқылы балаларды тыныштандыру, жағымды эмоцияны қалыптастыру.

Нұсқау: Балалар, алдымен ыңғайланып жатамыз, денемізді бос ұстаймыз. Көздеріңді жұмып, менің даусымды естіңдер. Жеңіл әрі жаймен демалыңдар. Өзіміздің жайма шуақ жаздың күнінде жан-жасыл алаңқайда жатқанымызды елестетіңдер. Аспанда жүзіп жүрген бұлттарға қарап қызықтап жатырмыз. Көгілдір аспанда аппақ, әр түрлі пішінді, мамық жастықшалар секілді бұлттар жүзіп жүр. Айналамыз тыныш әрі жайлы, жылы Міне, біз ең үлкен, ең мамық, ең әдемі ғажайып бұлтқа да жақындадық. Нәзік әрі мамық ғажайып бұлт сізді көріп қуанып, сізді ыстық құшағына алды. Біздің ғажайып бұлтымыз өзіңді бақытты сезінетін жерге апара жатыр. Ол жер біздің үйіміз, ата-анамыз, бауырларымыздың ортасы. Отбасы мүшелерінің арасында көңіліміз жайланып, бойымыз сергіп, тамаша күйге ендік. Енді ғажайып бұлтымыз бізді жаймен алаңқайға түсірді. Қанекер балалар ғажайып бұлтымызбен қоштасып, күлімсірейміз. Ал енді жаймен көзімізді ашамыз.

Сабак №25

Тақырыбы: «Төрт құбылыс»

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Көбелек те ,гүл де бір
Қызыл-жасыл күллі өңір
Аспап төрі ақша бұлт,
Бау-бақшада барша жұрт.
Саңқылдаған саз әні,
Көлде құстың базары.

2. Ойын: «Төрт құбылыс»

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алды созады, «ауа» - дегенде жоғары көтереді, «от» - дегенде екі қолы айналдырады, «жер» - дегенде қолдарын түсіреді. Жаттығу жылдамдықпен жүргізіледі. Балалардың шатасып қалмаулар қадағаланады.

ойыншықты сипаттайды. 1-2 минуттан соң балаларға көздерін жұмғызып, жүргізуші бір ойыншықты тығады. Сосын балалардан қай ойыншықтың жоқ екенін сұрайды. Ойын әрі қарай жалғасын отырады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ма-ма-ма Жалқау жігіт болма.
Сатып алдым алма.
Бізден қалып калма.
Біреудің затын алма.

4. Релаксациялық жаттығу: «Әуе шары»

Мақсаты: қысымды түсіру, балаларды тыныштандыру.

Барлық ойыншылар дөңгеленіп тұрады немесе отырады. Жүргізуші нұсқау береді:

«Қане, балалар, елестетіндер: біз қазір шарды үрлеп көреміз. Демімізді ішке жұтып, елестетіп тұрған шардыернімізге әкеліп аузымызды ауаға толтырып, жайлап шарды ауаға толтырамыз. Шардың үлкейіп жатқанын көзімізбен бақылап отырымыз. Елестеттіндер ме? Мен де сендердің үрлеген шарларыңны үлкейгенін елестетіп тұрмын. Шар жарылып кетпес үшін абайла үрленіздер. Ал енді үрлеген шарларыңды бір-біріңе көрсетіндер»
Жаттығуды 3 рет қайталауға болады.

Сабақ №27

Тақырыбы: «Ине мен жіп»

Мақсаты: Балалардың қабылдауын дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Топ, топ, добым.
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап.
Бір, екі деп екі ұрдым, -
Шатырға сен секірдің.
Үш, төрт, бес деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
Алты, жеті дегенде,
Жаттың шоршып еденде.
Сегіз, тоғыз дегенде,

Қайта сырған жөнелдің,
Топ, топ, добыл домалақ,
Қайта кеттің домалақ,
Сөзің: «Нәсіл мен жігіт»

Мәтінді бақылау дағдысін дамытуға арналған ойын
Мәтінді: Мен өле бұламын, ал сендер жігітсіңдер. Сендер менің
менен бір-біріңнің бөлдеріңнен үстін тұрыңдар. Қазір бәріміз
менмен тұрған бөлдеріңдер арасынан үзілмей жүгіреміз. Кім жігіт
мен өзіңнен шығары.

Тіл үстарту жаттығуы
Ра-ра-ра Айпаға қара,
Шаныңды тара,
Менің атым Сара,
Жүзіме қара.

Релаксациялық жаттығу: «Әуе шары»
Мәтінді қысымды түсіру, балаларды тыныштандыру.
өзге ойындармен дөңселеп тұрды немесе отырады. Жүргізуші
өле береді: «Қане, балалар, елестетіндер: біз қазір шарды үрлеп
мен Дәкімді ішке жұтып, елестетін тұрған шардыернімізге
мен ауымызды ауаға толтырып, жайлап шарды ауаға толтырамыз.
мен үлкенін жатқанын көзімізбен бақылап отырымыз.
Мәтіндер ме? Мен де сендердің үрлеген шарларыңның
менен елестетін тұрмын. Шар жарылып кетпес үшін абайлап
мендер. Ал енді үрлеген шарларыңды бір-біріне көрсетіндер»
Мәтінді 3 рет қайталауға болады.

Сабак №28

Мәтін: «Шанилық»

Мәтінді Балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту, өзге
балалардың көңіл күйін, сезімдерін түсіну, сөйлеуде психологиялық
жетік болдырмау, тыныштандыру.

Сөргіту жаттығуы:
Сандардың айтысы.
Достар мені «бір», - дейді,
Қарайды да бүй дейді:
Мүкпежесің қол, аякқа,
Үккен түресің таякқа.

2. Ойын: «Шапалақ»

Балалар шеңберге тұрып қолдарын созады. Психолог 3 деген кесте барлықтары бір уақытта қолдарымен шапалақ соғуға тиісті. Балалар сендердің көңіл-күйлерің қандай? Сендер көңіл-күйлеріміз жақсы дедіндер. Енді осы жақсы көңіл-күйлеріңді көрсетіңіздерші.

1. Көңілді болғанда не істейміз?
2. Ренжігенде...
3. Қорыққанда...
4. Қуанғанда...
5. Таң қалғанда...

Шапалақты тыңда

Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ша-ша-ша Еденге төседім алаша.
Жеміс ағашы алша.
Келесі ай қараша.
Қасыма отыр Айша.

4. Релаксациялық жаттығу: «Әуе шары»

Мақсаты: қысымды түсіру, балаларды тыныштандыру.

Барлық ойыншылар дөңгеленіп тұрады немесе отырады. Жүргізуші нұсқау береді: «Қане, балалар, елестетіндер: біз қазір шарды үрлеп көреміз. Демімізді ішке жұтып, елестетіп тұрған шардыернімізді аяқпен әкеліп, аузымызды ауаға толтырып, жайлап шарды ауаға толтырамыз. Шардың үлкейіп жатқанын көзімізбен бақылап отырымыз. Елестетіндер ме? Мен де сендердің үрлеген шарларыңның үлкейгенін елестетіп тұрмын. Шар жарылып кетпес үшін абайша үрлеңіздер. Ал енді үрлеген шарларыңды бір-біріңе көрсетіңдер»
Жаттығуды 3 рет қайталауға болады.

Сабак №29

Тақырыбы: «Ұйқыдағы ару»

Мақсаты: Қарым-қатынас орнату, құрбыларына жақсы сөздер айту ниетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Ормашыдағы аюдың,
Күлшынайы көп екен.
Теріп-теріп аламыз,
Қағатамызға саламыз.

2. Ойын: «Ұйқыдағы ару»

Мақсаты: Достық қарым-қатынас орнату, құрбыларына жақсы сөздер айту ниетін және қабілетін дамыту.

Нұсқау: Ұл бала (қыз бала) өз қалауымен ұйқыдағы ханзаданы (қыз) сипаттайды. Қалған ойыншылар, кезекпен ұйқыдағы ханзаданың жанына келіп, жақсы сөздер айту арқылы ханзаданы (қыз) оятуға тырысады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Шу-шу-шу Әжем шашты шашу.
Жамандықтан қашу.
Есікті ашу.

4. Релаксациялық жаттығу: «Сырнай»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған, көздің көзін айналасындағы.

Балалар, сырнаймен ойнап көрейік. Аз ғана демімізді ішке жұтып, ернімізге сырнайды жақындатамыз. Демімізді қайта үрлерде ернімізді трубкаға жақындатып үрлей бастаймыз. Сәлден қайтадан басынан бастаймыз. Ойнаңыздар, қандай тамаша сурет!»

Сабак №30

Тақырыбы: «Төртіншісі артық»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Гүлде бес күлте жапырақ,
Оседі-ау шіркін жарқырап.
Бесбұрыш алтын жұлдыздар,
Тағады батыр ұл-қыздар.

2. Ойын: «Төртіншісі артық»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Нұсқау: Балалардың алдына бірнеше суреттер көрсетіледі. Сол суреттердің аттарын атап, әрбір аталған төртінші суреттің артық екенін түсініп, анықтауы керек.

Суреттердің нұсқауы:

1. Үстел, орындық, төсек, шәйнек.
2. Қияр, сәбіз, қоян, шалқан.
3. Қияр, қарбыз, алма, доп.
4. Қасқыр, түлкі, аю, мысық.
5. Қуыршақ, машина, доп, кітап.
6. Шаңғы, коньки, кеме, шана.
7. Қарға, бүркіт, ара, балға.
8. Орындық, балта, ара, қарлығаш.
9. Шие, жүзім, картоп, троллейбус.
10. Автобус, трамвай, ұшақ, троллейбус.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ел-ел-ел Соқты самал жел.
Аман болсын ел.
Уақытында кел.
Гүлденіпті бел.

4. Релаксациялық жаттығу: «Сырнай»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босансытуға арналған әсіресе көздің айналасындағы.

«Келіңіздер, сырнаймен ойнап көрейік. Аз ғана демімізді ішкі тартып, ернімізге сырнайды жақындатамыз. Демімізді қайта шығарарда ернімізді трубкаға жақындатып үрлей бастаймыз. Сәлден соң қайтадан басынан бастаймыз. Ойнаңыздар, қандай тамақ оркестр!»

Сабақ №31

Тақырыбы: «Суреттер реті»

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеуді психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Бойды сергек тік ұста,
Емін-еркін тыныста.
Оң қолыңды соз алға,
Қол ұшына қара да,
Үшбұрыш сыз ауада,
Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап тынбасын.

2. Ойын: «Суреттер реті»

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Түркілеу: Суреттерді өзара қиып қоямыз. Психолог балалардың қолына суреттерді қойып, олар бір-бірімен өзара байланысты және олардың әңгіме құрастыруға болатындығын айтады. Балалар бұл суреттерді ретімен құрастыру керек және осы суреттерге қарап әңгіме құрайды.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ми-ма-ма Жалқау жігіт болма.
Сатып алдым алма.
Бізден қалып қалма.
Біреудің затын алма.

4. Релаксациялық жаттығу. «Сырнай»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босансытуға арналған, әсіресе көздің айналасындағы.

«Келіңіздер, сырнаймен ойнап көрейік. Аз ғана демімізді ішкі тартып, ернімізге сырнайды жақындатамыз. Демімізді қайта шығарарда ернімізді трубкаға жақындатып үрлей бастаймыз. Сәлден соң қайтадан басынан бастаймыз. Ойнаңыздар, қандай тамақ оркестр!»

Сабақ №32

Тақырыбы: «Сақина»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, сөйлеуді психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Бармақ болып жұмысқа,
Қырға шықты құмырсқа,
Тоңып кетіп аяғы,
Қырға қайтып шығады.
Ой – ой – ой,
Әне аю келеді.
Құмырсқаны көреді.
Енді қайтып құтылар,
Илеуіне тығылар.

2. Жаттығу: «Сақина»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту.

Нұсқау: Балалар орындықта, алақандарын қосып, тізелерінің үстіне қойып отырады. Қолында сақинасы бар жүргізуші ойыншылардың қатысушылардың барлығын айналып өтіп, сақинаны әр бала алақанына салғандай болып қимыл жасайды. Бір баланың алақанына жүргізуші шынымен де сақинаны салып, «Сақинам, сақинам, шық!» деп айтады. Алақанына сақина түскен бала топтан жүгіріп шығып, сақинаны көрсетеді. Енді ол жүргізуші болады. Бірақ егер ойыншылар сақинаны кімге салғанын байқап қалса, сол баланы ұстау қалулары мүмкін. Бұл жағдайда жүргізуші өзгермейді.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ша-ша-ша Еденге төседім алаша.

Жеміс ағашы алша.

Келесі ай қараша.

Қасыма отыр Айша.

4. Релаксациялық жаттығу: «Сырнай»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған. Әсіресе көздің айналасындағы.

«Келіңіздер, сырнаймен ойнап көрейік. Аз ғана демімізді ішімізге тартып, ернімізге сырнайды жақындатамыз. Демімізді қайта шығарарда ернімізді трубкаға жақындатып үрлей бастаймыз. Сәлден соң қайтадан басынан бастаймыз. Ойнаңыздар, қандай тамаша оркестр!»

Сабак №33

Тақырыбы: «Барлаушылар»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеу психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп аламыз,

Қалтамызға саламыз.

2. Ойын: «Барлаушылар»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту

Нұсқау: Әр жерде орындықтар қойылған. Бір бала (барлаушы) орындықтың кез келген жағынан айналып өтеді, ал екінші бала (командир) жолды есіне сақтап, топ балаларын (жасақты) тура

мен өткізіп апаруы керек. Содан кейін барлаушы мен командир орындықтарын басқа балалар алмастырады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Шу-шу-шу Әжем шапты шашу.

Жамандықтан қашу.

Есікті ашу.

4. Релаксациялық жаттығу: «Үрлеуші мен доп»

Мақсаты: дененің барлық бұлшық еттерін босаңсытуға арналған.

«Балалар, екі-екіден жұпатасып тұрыңдар. Біреуің үлкен доп бол, екіншің доппен насосты үрлеу керек. Доп болған баланың аяқ-қолдарын жартылай бүгіп, мойнын да бос ұстап, қысқасын денесін бос ұстауы тиіс. Дене алға сәл иіліп, бас еңкейіп тұруы керек (доптың үрленбеген жағдайы). Ал енді жолдасыңыз қолымен де, аяғымен де «с» деген дыбыс шығарып үрлей бастасын. Әрбір үрленген ауадан соң доп үлкейе бастайды. Алғашқы үрлеген «с» дыбысынан соң ауаны ішке жұтып, аяқтарын түзейді; екінші «с» дыбыстан соң денесін тіктейді, үшінші «с» деген дыбыстан соң допты көтереді, төртінші дыбыстан кейін ұртына ауа жиналы, аяқтары да жан-жаққа созылады. Доп үрленді. Насос үрлеуді қайта бастайды. Жолдасыңыз доптан насостың шлангасын суыртқан кезде, доптан «ш» деген дыбыс шығарып, ауа шығып кетеді. Біздің ойымыз бұрынғыдай былқылдаған қалыпқа келеді. Енді ойыншылар топтан ауыстырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сабак №34

Тақырыбы: «Кілемдер дүкені»

Мақсаты: Балалардың қабылдау қабілетін дамыту, сөйлеу психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Кәне балалар, тұрамыз,

Бойымызды жазамыз.

Балықтарға ұқсап біз,

Жүзіп-жүзіп аламыз.

2. Ойын: «Кілемдер дүкені»

Мақсаты: Балалардың қабылдау қабілетін дамыту

Нұсқау: Балаларға қуыршаққа арналған кілемшелер жасауға арналады. Ортасында үлкен шеңбер, төрт шаршы, төменде төрт тікбұрыш, сол жағында үш сопақша, оң жағында үш тікбұрыш. Кілемше қарапайым қағаздан жасалынады. Балалар суретін өздері

салады. Бірнеше кілем дайын болған кезде, балалар кілем сәуір дүкенін ойнайды.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ра-ра-ра Айнаға қара.
 Шашыңды тара.
 Менің атым Сара.
 Жүзіме қара.

4. Релаксациялық жаттығу: «Үрлеуші мен доп»

Максаты: дененің барлық бұлшық еттерін босаңсытуға арналған.

«Балалар, екі-екіден жұпталып тұрындар. Біреуің үлкен допты үрлетіп доп бол, екіншің доппен насосты үрлеу керек. Доп болған адам аяқ-қолдарын жартылай бүгіп, мойнын да бос ұстап, қысқартып бар денесін бос ұстауы тиіс. Дене алға сәл иіліп, бас еңкейіп тұрып үрлеу керек (доптың үрленбеген жағдайы) Ал енді жолдасыңыз қолымен доптың аузымен де «с» деген дыбыс шығарып үрлей бастасын. Әрбір доп үрленген ауадан соң доп үлкейе бастайды. Алғашқы үрлеген «с» дыбысынан соң ауаны ішке жұтып, аяқтарын түзейді; екінші «с» деген дыбыстан соң денесін тіктейді, үшінші «с» деген дыбыстан кейін басын көтереді, төртінші дыбыстан кейін ұртына ауа жинап, қолдары да жан-жаққа созылады. Доп үрленді. Насос үрлеу тоқтатады. Жолдасыңыз доптан насостың шланғысын суырып, уақытта, доптан «ш» деген дыбыс шығарып, ауа шығып кетеді. Біздің денеміз бұрынғыдай былқылдаған қалыпқа келеді. Енді ойыншылар орын ауыстырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сабак №35

Тақырыбы: «Ретін есіңе сақта»

Максаты: Балалардың зейінін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені құрайық.
Уықтар боп иіліп,
Киіз үйді құрайық.

2. Ойын: «Ретін есіңе сақта»

Максаты: Балалардың зейінін дамыту.

Түрлендіру: Психолог балаларға 6-7 түсті қарындаштарды алып жүретінді. 20 секундтан кейін қарындаштарды алып тастап, қарындаштардан ретімен атап беруін сұрайды.

1. Ты ұстарту жаттығуы:

Ты ұстарту-ыр Әсем айтты жыр.
Бөлісейік сыр.
Тасты суға батыр.

1. Релаксациялық жаттығу: «Үрлеуші мен доп»

Мақсаты: дененің барлық бұлшық еттерін босаңсытуға арналған.

«Балалар, екі-екіден жұпаласып тұрыңдар. Біреуің үлкен доптың доп бол, екіншің доппен насосты үрлеу керек. Доп болған кезде аяқ-қолдарың жартылай бүгіп, мойны да бос ұстап, қысқасы аяқ денесін бос ұстауы тиіс. Дене алға сәл иіліп, бас еңкейіп тұруы керек (доптың үрленбеген жағдайы) Ал енді жолдасыңыз қолымен де, аяғымен де «с» деген дыбыс шығарып үрлей бастасын. Әрбір дыбыстан ауадан соң доп үлкейе бастайды. Алғашқы үрлеген «с» дыбысынан соң ауаны ішке жұтып, аяқтарың түзейді; екінші «с» дыбысынан соң денесін тіктейді, үшінші «с» деген дыбыстан соң аяғыңды көтереді, төртінші дыбыстан кейін ұртына ауа жиналы, аяқтары да жан-жаққа созылады. Доп үрленді. Насос үрлеуін қайталайды. Жолдасыңыз доптан насостың шлангасын суырған кезінде, доптан «ш» деген дыбыс шығарып, ауа шығып кетеді. Біздің ойымыз бұрынғыдай былқылдаған қалыпқа келеді. Енді ойыншылар аяқтарыңды ауыстырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сабақ №36

Таныстырыбы: «Жоғалған ойыншықты тап»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Біт гүлдерше өсеміз,
Жанырағы жайқалған
Сабактары салалы,
Желмен бірге ырғалған.

2. Ойын: «Жоғалған ойыншықты тап»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту

Нұсқау: Балалардың алдында үстелдің үстінде бірнеше ойыншықтар тұрады. Балалар бірнеше минут сол ойыншықтарға қарап, содан кейін теріс қарап тұрады. Сол кезде психолог ойыншықтардың біреуін тығып қояды, ал балалар сол ойыншықты табу керек. Егер жауабы дұрыс болса, онда ойыншылар рөлдерімен ауысады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Еш-еш-еш Болып қапты кеш.

От жағатын пеш.

Аяқ киіміңді шеш.

4. Релаксациялық жаттығу: «Үрлеуші мен доп»

Мақсаты: дененің барлық бұлшық еттерін босаңсытуға арналған.

«Балалар, екі-екіден жұпатасып тұрындар. Біреуің үлкейіп үрленетін доп бол, екіншің доппен насосты үрлеу керек. Доп болған адам аяқ-қолдарын жартылай бүгіп, мойнын да бос ұстап, қысқасы бар денесін бос ұстауы тиіс. Дене алға сәл иіліп, бас еңкейіп тұруы керек (доптың үрленбеген жағдайы) Ал енді жолдасыңыз қолымен де аузымен де «с» деген дыбыс шығарып үрлей бастасын. Әрбір үрленген ауадан соң доп үлкейе бастайды. Алғашқы үрлеген «с» дыбысынан соң ауаны ішке жұтып, аяқтарын түзейді; екінші «с» деген дыбыстан соң денесін тіктейді, үшінші «с» деген дыбыстан кейін басын көтереді, төртінші дыбыстан кейін ұртына ауа жиналып қолдары да жан-жаққа созылады. Доп үрленді. Насос үрлеуін тоқтатады. Жолдасыңыз доптан насостың шлангасын суырған уақытта, доптан «ш» деген дыбыс шығарып, ауа шығып кетеді. Біздің денеміз бұрынғыдай былқылдаған қалыпқа келеді. Енді ойыншылар орын ауыстырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сабақ №37

Тақырыбы: «Есім және қозғалыс»

Мақсаты: Топтық ұйымшылдықты дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Шаттық шеңбері:

Амансың ба, алтын күн

Амансың ба, жер ана

Амансың ба, достарым

Сендерді көріп қуандым

2. Ойын: «Есім және қозғалыс»

Мақсаты: Топтық ұйымшылдықты дамыту.

Нұсқау: Барлық бала үлкен шеңбер құрып отырады. Содан соң әр бала өзінің есімін айтып, қолымен, аяғымен, бүкіл денесімен кез-келген қимылды жасау керек. Балалар сол баланың есімін атап, сол жасаған қимылды қайталауы керек. Содан кейін дәл осы бала енді өзінің тегін атап, тағы басқа бір қимыл жасайды. Бұл жерде де барлығы оның тегін атап, көрсеткен қимылды қайталайды.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ра-ра-ра Айжан, шашыңды тара,

Қозыға жақсы қара,

Жан-жағыңа қара.

4. Релаксациялық жаттығуы: «Шыршаның астындағы сыйлық»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған, әсіресе көздің айналасындағы.

«Жақын арада жаңа жыл мерекесі өтеді деп елестетейік. Сіздер жыл бойы тамаша сыйлық туралы армандап келдіңіздер. Міне, біз шыршаға жақындап келіп, көзімізді тарс жұмып, демімізді ішке тартып жақындап тұрмыз. Бар ойымыз-шыршаның астында не жатыр екен? Ал енді демімізді сыртқа шығарып, көзімізді ашамыз. О, керемет! Көптен күткен ойыншық алдымызда тұр. Сіз қуаныштысыз ба? Қане, күлімдеңіз»

Жаттығуды өткізіп болған соң кімнің не қалайтыны туралы пікір таластыруға болады.

5. Релаксациялық жаттығуы: «Шыршаның астындағы сыйлық»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған, әсіресе көздің айналасындағы.

«Жақын арада жаңа жыл мерекесі өтеді деп елестетейік. Сіздер жыл бойы тамаша сыйлық туралы армандап келдіңіздер. Міне, біз шыршаға жақындап келіп, көзімізді тарс жұмып, демімізді ішке тартып жақындап тұрмыз. Бар ойымыз-шыршаның астында не жатыр екен? Ал енді демімізді сыртқа шығарып, көзімізді ашамыз. О, керемет! Көптен күткен ойыншық алдымызда тұр. Сіз қуаныштысыз ба? Қане, күлімдеңіз»

Жаттығуды өткізіп болған соң кімнің не қалайтыны туралы пікір таластыруға болады.

Сабақ №38

Тақырыбы: «Бұлақ»

Мақсаты: Тоқта жағымды қарым-қатынасты орнату, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Шаттық шеңбері:

Қуан, шаттан! Алақай,
Қуанатын келеді күн.
Қайырлы таң! Қайырлы күн!
Күліп шықты бүгін күн!

2. Ойын: «Бұлақ»

Мақсаты: Топта жағымды қарым-қатынасты орнату.

Нұсқау: Ойыншылар жұптасып, бірінің артына бірі тұрып, қолдарын ұстап, дәліздің бейнесін жасап, қолдарын жоғары көтереді. Жұпсыз қалған бала бұлақтың басына барып, ұсталынып тұрған қолдардың арасынан өтіп, өзіне дос іздейді. Жаңа жұп бұлақтың соңына барып тұрады, ал бұлақтың соңында қалған ойыншы басына барады. Осылайша қайтадан жалғасады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ай-ай-ай Апам шайқар май,
Көңілің болсын жай,
Атама келді тай.

4. Релаксациялық жаттығу: «Шыршаның астындағы сыйлық»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған, әсіресе көздің айналасындағы.

«Жақын арада жаңа жыл мерекесі өтеді деп елестетейік. Сіздер жыл бойы тамаша сыйлық туралы армандап келдіңіздер. Міне, біз шыршаға жақындап келіп, көзімізді тарс жұмып, демімізді ішке тартып жақындап тұрмыз. Бар ойымыз-шыршаның астында не жатыр екен? Ал енді демімізді сыртқа шығарып, көзімізді ашамыз. О, керемет! Көптен күткен ойыншық алдымызда тұр. Сіз қуаныштысыз ба? Қане, күлімденің!»

Жаттығуды өткізіп болған соң кімнің не қалайтыны туралы пікір таластыруға болады.

Сабақ №39

Тақырыбы: «Соқыртеке»

Мақсаты: Өзіне деген сенімділікті арттыру, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Шаттық шеңбері:

Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік!
Қабак түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік!
Кел, балалар, күлейік!
Күлкіменен түлейік!
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік!

2. Ойын: «Соқыртеке»

Мақсаты: Өзіне деген сенімділікті арттыру.

Ойын барысы: Барлық балалар кез келген әнді айтып, көзі байланған баланы есіктің алдына дейін апарады. Табалдырыққа тұрғызып, есіктің тұтқасынан ұстатады. Содан кейін барлығы бірге ән айта бастайды:

Соқыртеке, соқыртеке,
Көзінді шешпей бізді ұста!

Өлеңнің соңғы жолы айтылған кезде, барлығы жан-жаққа ашады. Көзі байланған бала оларды ұстауға тырысады. Ойыншылар көзі байланған баланың манайынан шықпай, киімінен тартып қолдарымен оны ызаландырады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Із-із-із Жеңіп шықтық біз,
Апа берші бігіз

4. Релаксациялық жаттығу: «Шыршаның астындағы сыйлық»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған, әсіресе көздің айналасындағы.

«Жақын арада жаңа жыл мерекесі өтеді деп елестетейік. Сіздер жыл бойы тамаша сыйлық туралы армандап келдіңіздер. Міне, біз шыршаға жақындап келіп, көзімізді тарс жұмып, демімізді ішке тартып жақындап тұрмыз. Бар ойымыз-шыршаның астында не жатыр екен? Ал енді демімізді сыртқа шығарып, көзімізді ашамыз. О, керемет! Көптен күткен ойыншық алдымызда тұр. Сіз қуаныштысыз ба? Қане, күлімденің!»

Жаттығуды өткізіп болған соң кімнің не қалайтыны туралы пікір таластыруға болады.

Тақырыбы: «Шеңбер»

Мақсаты: Балалардың тілдік-коммуникативті дағдалырын дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Амандасу жаттығуы:

Атамнан басталар,
Әжеммен қосталар.
Отбасым мыналар;
Ең жақын адамдар
Әкем мен анам бар,
Бір туған ағам бар,
Бір туған апам бар...
Бәрін жақсы көремін
Еркелеймін, еремін!
Ән салуға барамыз, (шеңбер бойымен жүреді)
Досымызды табамыз. (тоқтайды)
Сәлемет пе! Міне, мен! (колдарын екі жаққа сермейді)
Доспын енді сенімен. (көршілерімен қол алысады)

2. Ойын: «Шеңбер»

Мақсаты: Коммуникативті дағдалырын дамыту

Ойын барысы: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңберге тұрады. Белгіден кейін ойыншылар «шеңбер қозғалды, содан соң барлығы жүгірді» деген сөздерді айтып, шеңбер бойымен қозғала бастайды. Ойыншылар осылайша «Тыныш, асықпаңдар, тоқтаймын» белгісі шыққанға дейін бір-екі шеңбер жасап жүгіреді. Шеңбер бойымен қозғалыс ақырындап, шеңбер тоқтайды. Ойын карама-қарсы жаққа қозғалумен қайталанады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ла-ла-ла Қандай әсем қала!
Қандай кең дала!
Астана-жас қала!
Қардан үй қала.

4. Релаксациялық жаттығу: «Шыршаның астындағы сыйлық»

Мақсаты: бет-әлпетіміздің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған әсіресе көздің айналасындағы.

«Жақын арада жаңа жыл мерекесі өтеді деп елестетейік. Сіздер жыл бойы тамаша сыйлық туралы армандап келдіңіздер. Міне, біз шыршаға жақындап келіп, көзімізді тарс жұмып, демімізді ішке

тартып жақындап тұрмыз. Бар ойымыз-шыршаның астында не жатыр
өзен? Ал енді демімізді сыртқа шығарып, көзімізді ашамыз. О,
өремет! Көптен күткен ойыншық алдымызда тұр. Сізқуаныштысыз
ба? Қане, күлімденіңіз»

Жаттығуды өткізіп болған соң кімнің не қалайтыны туралы пікір
таластыруға болады.

Сабақ №41

Тақырыбы: «Ұқсастық пен айырмашылық»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, сөйлеуде
психологиялық кедергіні болдырмау, бетін төменгі бөлігінің бұлшық
еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

1. Сергіту жаттығуы:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түссін даламыз,

Қайырлы таң балалар.

2. Ойын: «Ұқсастық пен айырмашылық»

Мақсаты: Ойлауды дамыту

Ойын барысы: Психолог салыстыру үшін балаларға бірнеше сөздер
қатарын ұсынады.

1. Шыбын және көбелек

2. Үстел және орындық

3. Су және сүт

4. Балта және балға

5. Тұз және қант

6. Қасқыр және ит

7. Сиыр және бұзау

8. Кітап және дәптер

9. Көз және құлақ

10. Ай және күн

Ескерту: ұсынылған сөздердің суреттерін көрсетіп қолдануға болады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Қа-қа-қа Мәшиненді тақа.

Алды-артынды тақа.

Табиғатты байқа.

Менде үлкен сақа.

4. Релаксациялық жаттығуы: «Төбелес»

Мақсаты: беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

«Сіз досыңызбен ерегісіп қалдыңыз. Әні-міне төбелесуді дайынсыздар. Терең дем алып, жағымызды қатты қысамыз саусақтарымыз алақанға батқанша жұдырықты түйеміз. Аз ғана уақыт демімізді ішке тартамыз. Ойланыңыз: «мүмкін төбелесудің керегі жоқ шығар»

Демімізді сыртқа шығарып босаңсуға болады.

Ура! Қиыншылықтар артта қалды!»

Сабак №42

Тақырыбы: «Сандар мен сөздер»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

Шаттық шеңбері:

Үлкенге де - Сіз,

Кішіге де – Сіз.

Барша жұртты құрметтеп,

Бас иеміз біз.

1. **Ойын: «Сандар мен сөздер»**

Мақсаты: зейінін дамыту

Ойын барысы: Жүргізуші әртүрлі сандар мен сөздерді атайды. Егер сөз айтылса, балалардың барлығы оны бірге қайталайды. Жүргізуші сан айтса, онда балалар шапалақтайды.

2. **Тіл ұстарту жаттығуы:**

Өс-өс-өс Өнегелі болып өс.

Менің итім ақтөс.

Ұқыпты боп өс.

3. **Релаксациялық жаттығу: «Төбелес»**

Мақсаты: беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

«Сіз досыңызбен ерегісіп қалдыңыз. Әні-міне төбелесуге дайынсыздар. Терең дем алып, жағымызды қатты қысамыз саусақтарымыз алақанға батқанша жұдырықты түйеміз. Аз ғана уақыт демімізді ішке тартамыз. Ойланыңыз: «мүмкін төбелесудің керегі жоқ шығар»

Демімізді сыртқа шығарып босаңсуға болады.

Ура! Қиыншылықтар артта қалды!»

Сабақ №43

Тақырыбы: «Не жетіспейді?»

Мақсаты: Балаларды жалпылама көріп қабылдауды дамыту, ойлауда психологиялық кедергіні болдырмау, беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

1. Шаттық шеңбері:

Ашпақ қардай көңілмен
Көк өрім көктем өмірмен
Жаздай жарқын сезіммен
Күздей жеміс төгілген
Қол ұстатып шықтық біз
Қос бұрымды өрілген
Төрімізде отырған
Сәлем бердік сіздерге.

2. Ойын: «Не жетіспейді?»

Мақсаты: Жалпылама көріп қабылдауды дамыту

Ойын барысы: Жүргізуші бормен тақтаға немесе фломастермен үлкен қағазға бір заттың немесе жануардың суретін салады. Балалар суреттің жетіспейтін бөлшектерін жүргізушіге айтып отырады, ал жүргізуші суретті аяқтайды. Балалардың мотивациясын көгеру үшін суреттің кейбір қарапайым бөлшектерін өздеріне салдыру керек.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ша-ша-ша Еденге төседім алаша.
Жеміс ағашы алша.
Келесі ай қараша.
Қасыма отыр Айша.

4. Релаксациялық жаттығуы: «Төбелес»

Мақсаты: беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

«Сіз досыңызбен ерегісіп қалдыңыз. Өні-міне төбелесуге дайынсыздар. Терең дем алып, жағымызды қатты қысамыз, саусақтарымыз алақанға батқанша жұдырықты түйеміз. Аз ғана уықыт демімізді ішке тартамыз. Ойланыңыз: «мүмкін төбелесудің жерігі жоқ шығар»

Демімізді сыртқа шығарып босаңсуға болады.

Ура! Қиыншылықтар артта қалды!»

Тақырыбы: «Азғантай үйім»

Мақсаты: Балалардың топта жұмыс істей алу қабілетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

1. Шаттық шеңбері:

- Сәлем, саған күн,
- Сәлем саған, күн шуағы.
- Сәлем, достар, сәлем достар.

2. Ойын: «Азғантай үйім»

Мақсаты: топта жұмыс істей алу қабілетін дамыту

Ойын барысы: Бөлменің ортасында ішінде өртүрлі заттары (доп, кегель, гантель, т.б.) бар үлкен шеңбер жатады. Әр топта ішінде заты жоқ бір шеңберден жатады. Жүргізушінің бұйрығы бойынша ойыншалар бір уақытта бөлменің ортасына жүгіріп барып, ортада тұрған заттарды өз шеңберіне ауыстырады. Бір уақытта бірнеше заттарды алуға болады. Басқалардан заттарды бірінші ауыстырып үлгерген ғана емес, сонымен қатар оларды ұқыпты етіп орнына қойған топ жеңіске жетеді.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

У-у-у Желбірейді жалау.
Таза болсын су.
Қалын болсын ну.
Сен қолыңды жу.

4. Релаксациялық жаттығуы: «Төбелес»

Мақсаты: беттің төменгі бөлігінің бұлшық еттері мен қолдың саусақтарын босаңсыту.

«Сіз досыңызбен ерегісіп қалдыңыз. Әні-міне төбелесуді дайынсыздар. Терең дем алып, жағымызды қатты қысамыз саусақтарымыз алақанға батқанша жұдырықты түйеміз. Аз ғана уақыт демімізді ішке тартамыз. Ойланыңыз: «мүмкін төбелесудің керегі жоқ шығар»

Демімізді сыртқа шығарып босаңсуға болады.

Ура! Қиыншылықтар артта қалды!»

Тақырыбы: «Жағдайлар реті»

Мақсаты: Балалардың ойлау, сөйлеу және жалпылау қабілетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Әппақ болып таң атты,
Түтін тіке шығады.
Қарлығаштар қанатын
Самғап биік ұшады.

2. Ойын: «Жағдайлар реті»

Мақсаты: ойлауды, сөйлеуді және жалпылау қабілетін дамыту.

Нұсқау: «Сендердің алдарында қандай да бір жағдай бейнелеген суреттер жатыр. Суреттердің реті ауысқан. Сендерге суреттердің орнын ауыстырып, суреттің қандай сурет салғанын табу керек. Ойланыңдар. Өздерің қалай қажет деп ұйғарсаңдар, солай суреттердің орнын ауыстырыңдар. Содан кейін бейнелеген жағдайға байланысты әңгіме құрастырыңдар».

Танырма екі бөлімнен тұрады:

1. Суреттерді ретімен қою

2. Ауызша әңгіме

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Үй-үй-үй Күмбірлейді күй.
Көңіліңе сөзді түй.
Ананды ардақтап сүй.

4. Релаксациялық жаттығуы: «Зілтемір»

Мақсаты: Аяқ пен қолдың бұлшықеттерін босаңсыту.

«Елестетеміз, біз қазір ауыр зілтемір көтеріп тұрмыз. Еңкейіп қолымызға зілтемірді аламыз. Зілтемірді көтергенде жұдырығымызды түйеміз. Жәймен зілтемірді көтереміз. Зілтемірді түсірін алмас үшін шарды қатты қысып ұстаймыз. Ауырлықты сезініп тұрмыз ба? Қолымыз шаршады, жәймен зілтемірді жерге қоямыз (қолды төмен түсіреміз). Қолымызды, денемізді босаңсытамыз. Жеңіл демаламыз. Демімізді ішімізде кішкене ұстап, содан соң шығарамыз».

Тақырыбы: «Керісінше»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Шаттық шеңбері:

Армысың, алтын күн,
Армысың, асыл жер,
Армысың, жан досым.
Жылуыма, жылу қос,
Міне, менің қолым

2. Ойын: «Керісінше»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту

Ойын барысы: Жүргізуші балаларға әртүрлі тапсырма береді, ал балалар оны керісінше орындайды. Мысалы: «Отырғындар!» бұйрығына балалар тұрады, ал «Сөйлендер!» бұйрығына балалар үндемейді, т.с.с.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ыл-ыл-ыл Болды жаңа жыл.
Қандай қатты қыл.
Күлдіреді маймыл.

4. Релаксациялық жаттығу: «Зілтемір»

Мақсаты: Аяқ пен қолдың бұлшықеттерін босаңсыту.

«Елестетеміз, біз қазір ауыр зілтемір көтеріп тұрмыз. Еңкейіп қолымызға зілтемірді аламыз. Зілтемірді көтергенде жұдырығымызды түйеміз. Жәймен зілтемірді көтереміз. Зілтемірді түсіріп алмас үшін оларды қатты қысып ұстаймыз. Ауырлықты сезініп тұрмыз ба? Қолымыз шаршады, жәймен зілтемірді жерге қоямыз (қолды төмен түсіреміз). Қолымызды, денемізді босаңсытамыз. Жеңіл демаламыз. Демімізді ішімізде кішкене ұстап, содан соң шығарамыз».

Сабак №47

Тақырыбы: «Қанат пен Марат»

Мақсаты:

1. Шаттық шеңбері:

Сәлем, сәлем, басым,
Сәлем, сәлем, көзім,
Сәлем, сәлем, бетім.
Сәлем, сәлем, балалар,
Сәлем, сәлем, апайлар.

2. Ойын: «Қанат пен Марат»

Мақсаты: Зейін тұрақтылығын дамыту

Нұсқау: «Барлығымыз үлкен шеңбер құрып тұрамыз. Екі ойыншы шеңбер ортасына шығады. Енді екеулерің кім Қанат, ал кім Марат болатынын таңдап алыңдар. Қанат көзін жұмып, «Марат сен қайдасың?» деп оны ұстауға тырысады. Марат «Қанат мен

...!» деп, одан қашып жүреді. Бұл жерде Қанат та, Марат та
...рен шықпаулары тиіс. Қалған балалар Қанаттың адасып
...н қарауы керек. Қанатта маратты ұстауына тіра бір минут
... бар. Осыдан кейін келесі жұп ойнауға кіріседі».

Тіл ұстарту жаттығуы:

Түр-үр-үр Үй іргесін түр.
 Білегіңді түр.
 Тып-тыныш жүр.
 Етгің бәрі сүр.
 Бақытты өмір сүр!
 Аман-есен жүр.

Релаксациялық жаттығуы: «Зілтемір»

Мақсаты: Аяқ пен қолдың бұлшықеттерін босаңсыту.

Әдісі: Жәйменіміз, біз қазір ауыр зілтемір көтеріп тұрмыз. Еңкейін
...мызға зілтемірді аламыз. Зілтемірді көтергенде жұдырығымызды
...т. Жәймен зілтемірді көтереміз. Зілтемірді түсіріп алмас үшін
...ры қатты қысып ұстаймыз. Ауырлықты сезініп тұрмыз ба?
...мыз шаршады, жәймен зілтемірді жерге қоямыз(қолды төмен
...рміз). Қолымызды, денемізді босаңсытамыз. Жеңіл демаламыз.
...мірді ішімізде кішкене ұстап, содан соң шығарамыз».

Сабақ №48

Мақсаты: «Иә» және «Жоқ»

Мәні: Балалардың зейін тұрақтылығын, логикалық ойын дамыту,
...уде психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Шаттық шеңбері:

Аспанымыз ашық болсын!
Еліміз тыныш болсын!
Деніміз сау болсын!
Достарымыз аман болсын!

2. Ойын: «Иә» және «Жоқ»

Мақсаты: Зейін тұрақтылығын дамыту

Әдісі: Жүргізуші балаларға бірнеше сұрақтар қояды, ал балалар
... «иә» немесе «жоқ» деп деп жауап берулері тиіс. Мысалы: «Бүгін
...енбі ме?», «Қазір күннің көзі жарқырап тұр ма?» т.с.с.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ап-ап-ап Қап, қарағым, қап!
 Балтаға лайық сап.
 Өз орныңды тап.
 Есікті ақырын жап.
 Етігінді жап.
 Еңбекпен табыс тап.

4. Релаксациялық жаттығу: «Зілтемір»

Мақсаты: Аяқ пен қолдың бұлшықеттерін босаңсыту.

«Елестетеміз, біз қазір ауыр зілтемір көтеріп тұрмыз. Еңкейіп қолымызға зілтемірді аламыз. Зілтемірді көтергенде жұдырығымызды түйеміз. Жәймен зілтемірді көтеріміз. Зілтемірді түсіріп алмас үшін оларды қатты қысып ұстаймыз. Ауырлықты сезініп тұрмыз ба? Қолымыз шаршады, жәймен зілтемірді жерге қоямыз(қолды төмен түсіреміз). Қолымызды, денемізді босаңсытамыз. Женіл демаламыз. Демімізді ішімізде кішкене ұстап, содан соң шығарамыз».

Сабақ №49

Тақырыбы: «Ретін есіңе сақта»

Мақсаты: Балалардың зейінін, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, қарым-қатынаста психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Өсеміз біз күліп-ойнап,
Он саусақтың саласындай,
Өсеміз біз күліп-ойнап,
Бір адамның баласындай.

2. Ойын: «Ретін есіңе сақта»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту

Ойын барысы: Жүргізуші балаларға 6-7 түрлі-түсті қарындаштарды көрсетеді. 20 секундтан кейін қарындаштарды алып тастап, балалардан ретімен атап беруін сұрайды.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ат-ат-ат Ағана жаз хат.
 Туысына болма жат.
 Артығын маған сат.
 Үйде тыныш жат.

4. Релаксациялық жаттығуы: «Жеделсаты»

Мақсаты: қысымды түсіру, балаларды тыныштандыру.

Барлық ойыншылар дөңгеленіп немесе қатарласып жатады. Бірінші нұсқау береді.

Балалар ыңғайланып жатып, содан соң қолымызды ішімізге қоямыз. Біздің денеміз жеделсатының ролін атқарады. Яғни, бірінші этаж – ішіміз, екінші этаж – асқазан бөлігі, үшінші этаж – кеудеміздің бөлігі. Дем алып шығару барысында мен сіздерге жеделсаты бірінші этаж деп айтқан кезде барлығымыз қолымызды ішімізге қоямыз. Жеделсаты екінші этажда деген кезде қолымызды асқазан бөлігіне қоямыз, жеделсаты үшінші этажда деген кезде жәймен қолымызды кеудеміздің бөлігіне қоямыз. Осылайша күйінде кеудеміздің тұсына қоямыз.»

Осылайша жаттығуды бірнеше мәрте қайталауға болады.

Сабақ №50

Мақсаты: «Түсінбестік»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, ойды жүйелі баяндауға баулу, ойларда психологиялық кедергіні болдырмау, тыныштандыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір анайық, екеуіміз.

Бір бірмағым - папам,

Бір анаң үйрек - апам.

Бір ағаш терек - ағам

Бір ақшыл шүмек - мен

Бір тәтті бөбек - сен.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз.

2. Ойын: «Түсінбестік»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» - дегенде жоғары көтереді, «от» - дегенде екі қолын айналдырады, «жер» - дегенде қолдарын түсіреді. Жаттығу жылдамдықпен жүргізіледі. Балалардың шатасып қалмауларына қадағаланады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Үс-үс-үс Байғыз-киелі құс.
 Ауыл осы тұс.
 Аққу парасатты құс.

Сабақ №10

Тақырыбы: «Көңілді шеңбер»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеуді психологиялық кедергіні болдырмау, көңіл-күйін көтеріп, тіл қызығушылығын арттыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Тік, тік, тік пісте
 Қысы-жазы бір түсте (шырша).
 Менің тұрақты мекенім,
 Сәнді етіп жүремін (үй).

2. Ойын: «Көңілді шеңбер»

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту

Балалар шеңбер жасап отырады, бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі берген кезде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстырып қояды. (Гүл, орамал, бантик, көзілдірік т.б.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлыққа ойыншық беруге болады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ші-ші-ші Ағам менің-әнші.
 Әпкем менің-биші.
 Көкем менің-күйші.

Сабақ №11

Тақырыбы: «Бір, екі»

Мақсаты: Балалардың өз ойын жеткізе алу қабілетін, тілін дамыту, шығандыру.

1. Сергіту сәті.

Көктемнен теңізге, (қалықтап ұшу)

Таудан аспанға. (теңселу)

Ұшып қалықтайық, (ұшу)

Жан-жаққа қарайық

Құстай ұшып самғайық.

2. Ойын: «Бір, екі»

Мақсаты: Балалардың өз ойын жеткізе алу қабілетін дамыту

Жүргізушінің бұйрығымен барлық балалар бірдей іс-қимылдар ойнаулары қажет. «Бір деген бұйрық айтқанда орындықтарын жоғары көтереді. Ойыншылардың біреуінің түсір деп айтқанынша орындықтарды көтеріп тұрады. Жүргізушінің «екі» деген бұйрығында ойыншылар орындықтарын айналып жүреді. Ойыншылардың біреуі бұйрық бергенде бірдей отырулары қажет. Балалардың ішіндегі «отырындар» және «орындықты түсіріндер» деген бұйрықты берген бала топта жетекші екендігі байқалады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы.

Ға-ға-ға Атқа тақты таға.

Болсын таза жаға.

Аман болсын аға.

Сабақ №12

Тақырыбы: «Шапалақ»

Мақсаты: Балалардың эмоциялық сезімдерін, өзге адамдардың көңіл сүй сезімдерін түсінуді дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау.

1. Сергіту сәті.

Тік, тік, тік пісте

Қысы-жазы бір түсте (шырша).

Менің тұрақты мекенім,

Сәнді етіп жүремін (үй).

2. Ойын: «Шапалақ» Балалар шенберге тұрып қолдарын соғады. Психолог 3 деген кезде, барлықтары бір уақытта қолдарымен шапалақ соғуға тиісті. Балалар сендердің көңіл-күйлерің қандай?

Сендер көңіл-күйлеріміз жақсы дедіндер. Енді осы жақсы күйлеріңді көрсетіңіздерші.

1. Көңілді болғанда не істейміз?
2. Ренжігенде...
3. Қорыққанда...
4. Қуанғанда...
5. Таң қалғанда...

Шапалақты тыңда

Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жерге созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ыс-ыс-ыс Болсын мол ырыс.
Болып қапты қыс.
Аман болсын туыс.
Ыдыстарды жуыс.

Сабак №13

Тақырыбы: «Құлақ-мұрын»

Мақсаты: Балалардың көңіл – күйлерін көтеріп, қимыл-қозғалыс дағдыларын, қабылдауын, тілін дамыту.

1. Сергіту жаттығуы:

Қане, қайсы алақан,
Біз – кішкентай (балапан).
Аралардың нәрі,
Бау-бақшаның сәні (гүл).

2. Ойын: «Құлақ-мұрын»

Балалар шеңбермен тұрады.

Жүргізуші: құлақ – деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды.

3. Тіл ұстарту жаттығуы.

Ау-ау-ау Жаңарыпты тау.
Болсын денің сау!
Құлнырды бақша бау.

Сабак №14

Тақырыбы: «Дайын бол»

Мақсаты: Балалардың қабылдауын, тілін дамыту, көңіл-күйлерін жақсарту арқылы тілге қызығушылығын арттыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Күстай қанат қағасын!

Екі қолды жоғары,

Сол көтерсек болады.

Инді оны бөгелмей,

Түсірейік төменге.

Міне, былай.....

Қарайық,

Б-і-р, е-к-і,

Б-і-р, е-к-і,

Жаттығайық бір келкі.

2. Ойын: «Дайын бол»

Балалар шеңбермен жүреді. Жүрізуші: бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, ұшады т.с.с.

3. Тіл ұстарту жаттығуы.

Ат-ат-ат Ағаңа жаз хат.

Туысына болма жат.

Артығын маған сат.

Үйде тыныш жат.

Сабак №15

Тақырыбы: «Қоңілді қоян»

Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, сонымен бірге қимыл-арықтарындағы қызығушылықтарды үйлестіру, тілге қызығушылығын арттыру.

1. Сергіту жаттығуы:

Көктемнен теңізге, (қалықтап ұшу)

Таудан аспанға. (теңселу)

Ұшып қалықтайық, (ұшу)

Жан-жаққа қарайық

Күстай ұшып самғайық.

2. Ойын: «Қоңілді қоян»

Мақсаты: Зейінін дамытады, сонымен бірге қимыл қозғалыстарды үйлестіреді.

Ойын барысы: Балаға бір жұмсақ ойыншықты беріңіз де, өзіңізге ойыншықты алыңыз. Яғни мұнда, сіздің қолыңыздағы ойыншығыңыз қимыл-қозғалыстар көрсетеді де, ал баланың қолындағы ойыншық ол қимыл-қозғалысты қайталауы тиіс екенін балаға түсіндіріп өтіңіз. Одан кейін рөлдермен ауысыңыз.

3. Тіл ұстарту жаттығуы.

Ие-ие-ие Боталайды түйе.
Құлындайды бие.
Табылар саған ие.

Сабак №16

Тақырыбы: «Есіңе сақта да, дұрысын тап»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеуде психологиялық кедергіні болдырмау.

1. Сергіту жаттығуы:

Бойды сергек тік ұста,
Емін-еркін тыныста.
Оң қолыңды сөз алға,
Қол ұшына қара да.
Ұшбұрыш сыз ауда,
Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап тыңбасын.

2. Ойын: «Есіңе сақта да, дұрысын тап»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: Өртүрлі ойыншықтар.

Ойынның барысы: Бұл ойындарда балаларға әртүрлі көлемде көптеген ойыншықтар таңдалады. Одан кейін жүршізуші балаларға ойыншықты сипаттайды. 1-2 минуттан соң балаларға көздерін жұмғызып, жүргізуші бір ойыншықты тығады. Сосын балалардан қай ойыншықтың жоқ екенін сұрайды. Ойын әрі қарай жалғасып отырады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Аң-аң-аң Үстің болды шаң.
Атып қапты таң.
Жайқалып тұр алан.

Сабақ №17

Тақырыбы: «Көңілді марғау»

Мақсаты: Балалардың эмоциялық сезімдерін, өзге адамдардың эмоциялық көңіл күйін түсінуді дамыту; сөйлеуде психологиялық қабілеттерін болдырмау.

1. Сергіту жаттығуы:

Қане, қайсы алақан,
Біз – кішкентай (балапан).
Аралардың нәрі,
Бау-бақшаның сәні (гүл).
Тік, тік, тік піете
Қысы-жазы бір түсте (шырша).
Менің тұрақты мекенім,
Сәнді етіп жүремін (үй).

2. Ойын: «Көңілді марғау»

(Көңілді музыка әуенімен жүргізіледі)

Бір балаға мысықтың маскасы киіледі. Қалған балалар шеңбер жасап тұрады. «Марғау», оңға не солға бұрылып отырып, өзінің «күйрығын» ұстауға тырысады. Үстап алған жағдайда, соңғы қатарға тұрып, ойын ары қарай жылғасады, ал ұсталынған «марғау» рөлін атқарады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ыр-ыр-ыр Жаттап жүрмін жыр.
Айтылмайтын сыр.
Гүлденіпті қыр.

Сабақ №18

Тақырыбы: «Дегустатор»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, көңіл-күйлерін көтеру арқылы тілге қызығушылығын арттыру.

1. Сергіту сәті:

Кел, балалар, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Құстар ұқсап ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық.

Қанат жая жалма-жан
Талпынғандай ұшуға.

2. Ойын: «Дегустатор»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Балаларға бірнеше жемістер салынған себетті көрсетеді. Бірақ себеттегі жемісті есте сақтап қалулары тиіс. Кейін балалар себеттен болмеден шығып кетуін сұранып, сол жемістерден қаймақ жасап ұсақтап турап жеміс салатын әзірлейді. Барлық жемістерді пайдаланбай, себеттегі қалған жемістерді қою керек. Бір салаттың қалған жемістерді қою керек. Бір салаттың дәмін көріп пайдаланылған жемістерді және пайдаланылмаған жемістерді табулары керек. Бұл ойында көкөністерді де пайдалануға болады.

3. Тіл ұстарту жаттығуы:

Ыл-ыл-ыл Бөлді жаңа жыл.
 Қандай қатты қыл.
 Күлдіреді маймыл.

АТА-АНАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Баланың балабақшаға бейімделуіне әсер етуші факторлар

Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Бірінші орай балабақшаға бейімделу көбіне қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды. Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

Басқа адамдармен бұрын қалып көргендіктен.

Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.

Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша,

орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген(картоп, нан).

Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек.

Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы

балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және

созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе? Оны мақтайсыз ба? Оны жақсы

көретініңізді айттыңыз ба?

Ата-аналардың балаға эмоционалдық әсері көбіне жағдайда

көрсіндіатады.

Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар:

Жеңіл түрі – баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді;

Орташа ауырлық бейімделу – 1 айдың ішінде;

Ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға

қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың

қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі

керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

1. Баламен тез қоштасуды үйреңіз. Қоштасуды созбаңыз.

Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа

созылады.

2. Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып

кетпеңіз.

3. Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз.
4. Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатпаңыз.
5. Балаға анық түсінік беру керек.

Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.

2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне-өзі қызмет етудің әртүрлі шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт. Шалбар немесе шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын, т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні-ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3-4 сағат, одан әрі түске дейін,

ойдың аяғына таман егенр тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қолданылады.

Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көпшілдіктен қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазімен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап-ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психолог пен балабақшаға медико-педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Балаңызбен қалай қарым-қатынас жасау керек?

Адам баласының өмірінде қарым-қатынас маңызды орын алады, онсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік адамның жаңа бір дүниені тануға және басқа адамдардың бағасын білуге деген ұмтылысынан туындайды. Психологтардың айтуынша, қарым-қатынас өзге адамның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған тұлғалар арасындағы әрекеттің бір түрі болып саналады. Қарым-қатынас негізінде баланың бойында өзіне тән қасиеттері, адамгершілік көзқарастары, дүниетанымы қалыптасады. Ата-ана үшін бала қаншылықты қымбат болса, бала үшін де ата-ана махаббаты мен қамқоры өте маңызды. Қарым-қатынас негізінде бала мен ата-ана арасында байланыс орнайды, ең алдымен ол үстірт басталып, біртіндеп тереңдей береді. Бұл отбасында орын алған сыйласымдылық пен мейірімділік, түсіністік пен еркіндіктің нәтижесінде қалыптасады.

Қарым-қатынастың ендігі бір маңызды қызметі – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас реттілігі. Бұл жанұядағы байланысты реттейді, ата-ана тарапынан балаға бақылау мен талаптарды орната отырып, баланың өзіндік мінез-құлқын, тәртібін, іс-әрекеттерін, сөздерін реттеуге, басқаруға мүмкіндік береді. Реттегіш құралы ретінде талап, бақылау мадақтау мен жазалау қағидалары мен отбасы

дәстүрі қолданылады. Бала өмірінде белгілі бір кезеңде қарқынды қатынасқа байланысты қиындықтар туындау мүмкін. Бірақ олар жүрекке алу тым жақын алудың қажеті жоқ.

Коммуникативтік дағдылары қалыптасқан баланың қызығушылығын табысын ересектермен бірлесе отырып жетілдіру қажет. Бала тәрбиесінде кейде еркіндік қағидаларын ұстануды жөн көреді. Мұндай жағдайларда балаларымыз көбінесе, еркіндіктің шегін білмей өседі, қыңыр, қырсық, кірпияз болады.

Ата-ананың барлық назары балада болады, баланың тағдырына, денсаулығына қатты алаңдайды, кейде тіпті, баласын ерекше талант, дарын, керемет ақылды деп санайды, сол себепті баланы ерекше күтім мен бақылау қажет деп ойлайды. Біздің өміріміздің барлығымыз орындауға міндетті белгілі нормалар мен талаптар бар. Мұндай талаптар балаға да қойылады. Бірақ ол талаптар баланың нормалар баланың қажеттілігіне сай әрі көп болмауы керек. Сонымен қатар баланы жазалаудан аулақ болған дұрыс. Ата-ана өзінің әрбір іс-әрекеті, қимылы, көзқарасы арқылы баланың айналып айтарлықтай әсер ететін естен шығармаған жөн.

Бала тәрбиесі - баланың ісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Өйткені, жас ұрпақтың жан-жақты қалыптасу негізі мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Осы кезең балаларды еңбекке баулуға қолайлы кезең. Балаға тән бір нәрсе естігендері мен көргендерін есте сақтағыш, тез қабылдағыш, сенгіш, еліктегіш, білуге құмартқыш келеді.

Бала 1,5-2 жасынан бастап жуынып-тарануға еліктеп, ұмтылады. 2-3 жастан бастап алдына мақсат қоя бастайды. «Мен өзім» деп еңбек әрекеттерінде ересекке тәуелсіз болуға, қолынан келсе де, келмесе де орындауға тырысады. Бірте-бірте бала еңбек әрекетінен тәжірибе жинай отырып, 4-5 жасында өз әрекетін жоспарлап, нәтижесін көруге тырысады. Егер ата-анасы баласын өзі кіндірсе, шешіндірсе, ойыншықтарын жинай салса, тәрбиенің тиімділігі төмен болады.

Жақсы перзент ата- ана қолындағы аманат. Баланы тәтті тағам, киімге үйір қылмаған жөн. О бастан баланың жан дүниесін пәктікке тәрбиелеген абзал. Егер бала қателессе, бір екі рет ұрмегенсіп, білмегенсіп, қоя салған дұрыс. Оған жауап беретін болмауы да мүмкін. Оқтын- оқтын жаман іске үйір болып өткенсе, кемшілігін айтып ұялтып, түсіндіру қажет. Әкесі өзінің қызына сабыр, шыдамдылық пен айбаттылығын өнеге еткен абзал.

Отбасында ата-ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көрген бала балабақшада да, мектепте де өз ісіне жауап бере алады. Үйде өз ойын еркін айта алатын бала қай жерде де жасқаншақ болмайды. Адамдармен тез тіл табыса алады. Бала мен үлкендер арасындағы байланыс қазіргі заманда бұрынғы заманмен салыстырғанда едәуір алдымен.

Ата-ана - отбасының рухани тірегі. Балабақшаға балалардың мінез-құлқы, көбінесе, отбасынан қалыптасып келеді де, бұдан кейінгі оқу тәрбие ісі олардың ата- анасы берген қабілеттерін нығайтады.

Тәрбие: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі болып тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны дей келіп, «балам адал болсын» дейтін ата- ана осы тәрбиелерден бастау алса деймін.

Ата- ананың жұмсақтығынан бала жұмсақ, бос болып өседі, ал қатал болса, олардың жоқтығын пайдаланып, өз еркімен ойына келгенін істейді.

Ұлт тәрбиесі ұлт- болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіру үшін барлық балабақша, мектеп, ата- ана болып ынтымақтасып атсалысуымыз қажет. Тәрбие арқылы ересектердің бойындағы жақсы- жаман қасиеттерді ажырата біліп, еңбекке, өнер білімге бой ұрады. Сондықтан да отбасында болып жатқан ірілі-уақты оқиғалар: ата- ананың бір- бірімен қатынасы, баламен сөйлесуі, үй шаруасының атқарылуы, ересектердің еңбекке көзқарасы, уақытты өткізуі, туыстар мен жолдастарына ықыласы, қонақ қабылдауы, бәрі балаға тікелей әсер етеді, мінез- құлық да соған қарай қалыптасады.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», - деген халық даналығы осыған байланысты туса керек. Шын мәніндегі өнеге, бедел ата- ананың да, мұғалімнің де бала тәрбиесіне үлкен көмек беретін, дұрыс бағыт сілтеп, басшылық ететін басты құралы. Кейбір ата -ана беделге барынша қаталдықпен жетуге тырысады, айқайлап, ұрысу сияқты

өрескел мінез көрсетеді. Шектен асқан қатаңдық баланы қорқытпай жасық етіп, тіпті оны ауруға да душар етеді.

Көрнекті педагог А.С.Макаренко, балаға қатаң талап қажет, бірақ оларды құрметтей де білу керек екенін арнайы сөзге болатын, біз бұны көбіне естен шығарып аламыз. Балаға бір нәрсенің туралы бірнеше қайталап айта берсең, ол сөздің қасиетін жетік біледі. Сондықтан баланы ең жас кезінен ата-анасын бір айтқандай етіп тыңдап, талабын орындауға үйреткен орынды. Қорытындылай келе, ғұлама ғалым Әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген ақиқат сөзімен дәлелдегім келеді.

Ата-ана мен балабақшаның ролі

Отанымыздың, қоғамымыздың келешектегі шын жанашыры да арқасүйері де бүгінгі жас ұрпақ. Демек, оларды лайықты ізбасар етіп дайындау, тәрбиелеп шығару үшін білім ордаларындағы білім, тәрбие жұмыстарын күшейтіп, ұлттық ұлагаттылыққа баулып, өсіру міндетін алда тұр.

Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жас бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін балабақша, мектеп пен жалпыға бірдей орта білім беру ісін дамыту, жаңарту проблемаларының ауқымдылығы соншалық, оған жас ұрпаққа білім беру саласында жүрген азаматтармен қатар, ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамайтын әрбір адам өз үлесін қосуда.

Жақсы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе жұмысты балабақшадағы тәрбие үйде жалғасын табатындай етіп ұйымдастыра білгеніміз жөн.

Бала тәрбиесі біржақты болса, нәтиже күткендегідей болмауы мүмкін. Сондықтан ата-аналардан өз міндеттеріне өте жауапкершілікпен қарап ұрпақ тәрбиесін тек балабақшаға немесе мектепке ғана ысырып қоймағандарын қалар едік. Бұл үшін төмендегідей міндеттерді тағы бір еске салып қойсақ артық болмас.

Ата-ана балабақша ұжымымен тығыз байланыста болып, өз баласының әрекетін бақылауда ұстап отыру; балаға отбасында қалыпты жағдайдың сақталуын, білім алуына қажетті материалды қамтамасыз ету; балабақша жарғысын орындау; баланың уақытынан кешікпей келуін, себепсіз қалмауын қадағалау.

Қазіргі заманымыз жақсарып, халықтың әл-ауқаты артып келеді. Бірақ бізмен де әртүрлі діни көзқарастағы адамдардың үгіт-насихатына назардың еріп кетпеуін назарда ұстаған жөн.

Балабақша-ата-ана ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаға тиісті тәрбиені бөлініп, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, баланың арқасүйер азаматтары тәрбиеленіп шығары сөзсіз.

Жылауық балалар

Жылау түрлі себептен туындауы мүмкін. Сіздің тобыңызда өзге балаларға қарағанда көп жылайтын балалар бар ма? Сіз олардың қай жағдайда жылайтынын бақыладыңыз ба?

Жылайтын бала өзін қалай ұстайтынын байқаңыз:

Барша адамдарға естірте жылайды, олардың араласуын талап етеді.

Өзімен өзі болуды қалайды, жылауының себебін айтпайды.

Жылауы ештеңеге көнбеушілікке ұласады.

Осы айтылған әрекет түрлері баланың мінезін жақсы түсінуге және оған көмекке келуге көмектеседі. Мынаны есте ұстау керек, жылау бала үшін эмоциясының қалыпты көрінісі.

Тәрбиеші баланың неден әсерленгенін сұрап білуі керек:

Жылауының себебін анықтау.

Болған жағдайды өзгертуге тырысу.

Балаға оның сезімін түсінгеніңізді білдірту.

Психологтың кеңесі:

1. Баланың жанына келіп отырып құшақтау.
2. Баланың жылауына назар аудару.
3. Балаға су беру, жуындыру.
4. Жылау себептерін жою.
5. Егер бала ұзақ жылап анасын шақырса, анасымен байланысқа шығып, баласымен сөйлесуге мүмкіндік жасау. Ата анасына ертерек келіп алуын ұсыну.
6. Баланың жылауы тоқтамай, көнбеушілікке ұласса, психологтен кеңес алуды ұсыну.

Балабақша жағдайына бейімделу

Көпшілікке мәлім «балабақша жағдайына конетін» «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Баланың балабақшаға тез үйренуі үшін ата аналарға мына кеңес береміз:

1. Баланы қысқа мерзімге балабақшаға беру.
2. Топтағы бірнеше баламен және олардың ата аналарымен танысып, оларды қонаққа шақыру
3. Балалар мерекелерін ұйымдастыруға қатынасу.
4. Әр кез балабақшада өткен күн жайында сұрап әңгімелесу.
5. Кешкі мезгілде жағымды жағдай жайлы, достарымен болған кездесу, жаңа ойыншықтар, ойындар туралы әңгімелесу.
6. Балабақшаға барар жолда мейірімді, сабырлы болу.

Егер де бала анасынан ұстап, оны жібермеген жағдайда тәрбиеші баланы қалай жұбатады?

Психологтің ұсынысы:

- Баланың көңілін ашық, жылтыр заттар өзіне аударады. Мысалы сабын көпіршіктері, шарлар.
- Топтағы ойыншықтарға назарын аударту.
- Саусаққа киетін ойыншықтарды алып баламен сөйлесу.
- Доппен ойын ұйымдастырып, жаңадан келген баланы шақыру

Психологтар мынаны ұсынбайды:

- Баланы анасынан күшпен айыру.
- Тамақты еріксіз ішкізу.
- Баланың көз жасына көңіл аудармау.

Баланы мектепке даярлау қалай болуы керек?

Мектепке алғаш бару бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға бейімделуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы болады. Демек, «*Баланы мектепке даярлау қалай болуы керек?*» деген сұрақтың ата-ана үшін маңыз артып, тиісті жауап іздейді. Бұл сұраққа көптеген ата-аналарда екі пікір қалыптасқан: бір ата-аналар алғаш мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап

...нан етуді мақсат тұтса, кейбіреулері, керісінше, *бала білмей*
барлығын мектепте үйренуі тиіс деген пікірде. *Осы*
ерлердің алтын ортасын қалай таңдаймыз? Баланы мектепке
жарамдылық жағынан да, психологиялық жағынан да қалай
дайындаймыз?

Бірінші сыныпқа баратын бала жазу-сызуды біліп баруы міндетті
... оған барлығын мектепте үйретуге міндетті. Алайда, қазіргі
... оқу бағдарламасының тапсырмаларын ауыртпалықсыз орындау
... іс-жүзінде мектеп табалдырығын аттамас бұрын жазу мен
... біліп барғаны дұрыс. Балаңыз мектепке бармас бұрын оқу-
... суды білсе – жақсы! Балаға жазу-сызу барысында қарындашты
... қаламсапты дұрыс ұстап үйретуді ұмытпаңыз. Баланың сөйлеу
... нде кемістіктің болмауы шарт, сөйлеген сөзінің мағынасы
... түсінікті болу керек, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Жазып
... нуымен ғана шектеліп қана қоймай, салыстыра білуді және
... луды, ойлай білуді меңгере алу тиіс. Сонымен қатар, өздігінен
... ынды жасай білсе, көп нәрсені жақсы түсінеді.

Көрнекі әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі
... жұмыс істегенде, заттардың кейпімен мөлшерін
... ықастырғанда қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің
... түрін ұйымдастырып шығарады.

Кез-келген ата-ана баланың өсіп жетілуіне, рухани күшті етін
... біслеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды
... ынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл ойы мен дене
... ысы жағынан жан-жақты дамуына баулуы керек.

**Баланың мектепке дайын болу жағдайы бірнеше түрге
өлшеді:**

1. Дене бітімінің дайындығы – баланың салмағы мен бойының өз
... на сай болуымен қатар он екі мүшесі сау болуы керек;
2. Зиятының дайындығы – баланың ой-өрісінің, есте сақтау
... білетінің, тілінің, зейінінің, өз еркімен тапсырма орындай алуының,
... қат қоя білуінің, қателігін түсіне білу қабілеттілігінің өз жасына
... сай болуы;
3. Әлеуметтік-психологиялық дайындық – баланың жаңа ортаға
... көз-қарасының, оқушы жауапкершілігінің, өзін-өзі ұстай
... білуінің, үлкен кіші адамдармен қарым-қатынасының өз жасына,
... птердің талабына сай болуы;

4. Ерік аясының дайындығы – баланың өз іс-әрекетін мектепте түрде қалыптастырып, өз кемшіліктері мен жетістіктерін дұрыс қабылдап, әрекет ете білуі;

Әлеуметтік-психологиялық дайындық. Баланы мектепте дайындау дегенде көптеген ата-аналар әріптерді танумен, сандармен санаумен ғана шектеліп жатады. Одан басқа, баланың мектепке қажетті құрал-саймандары мен киім-кешектеріне баса назар аударады. Әрине, бұл дайындықтарсыз баланың мектепке дайын болуы екіталай. Бірақ баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен, материалдық дайындығымен шектеліп қоймай, оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Баланың психикалық үрдістерінің дамуы оқуда және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді.

Мектепке келген бала **«оқимын»** деген ниетпен мектепке табалдырығын аттайды. Бірақ, кейде бала оқуға барғысы келмейді дегенмен оның себебі әр түрлі болады: бір балалар **мектепте бала бар және онда көңілді** десе, біреуі партаға отырғызып келгендіктен баруы мүмкін. Алайда, мұндай ықпалмен келген балалар біраз уақыттан кейін мектептің олар үшін қатал тәртібі және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісіне қызығуы қажет. Сонда ғана баланың танымы қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік туады. Сонымен бірге баланың мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасауы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипатта болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуына бірге жұмыс істеуге дағдылануы керек.

Баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі ерік-жігерінің даярлығы болып саналады. Баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш пен бойындағы қабілеттерін жұмысқа білуі, қиындықтарды жеңе білуі балалардың психикалық үрдістерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Егер балалардың оқуға дайындығы осы бағыттармен ұштасып жатса, бала оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойындар болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала педагогтармен және балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үрдісінен өзінде жағымсыз эмоциялық сезіну пайда болып, қорқыныш пайда болады. Сондықтан балалардың көңіл күйі болмай, себепсізден жиі

...руу «*мектеп неврозы*» сипатында көрінеді. Яғни мектепті еске болғаны, жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стресс факторын факторға (стрессогендік фактор) айналып, денсаулығының нашарлануына әкеп соғады. Осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағлұматтар айтып, баланы мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы – баланы балаластарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа балалардың ойымен санасуға үйрету.

Балаларды мектепке психикалық даярлау бағыттарын тәжірибеде өткізген асыратындар – ата-аналар, мұғалімдер, бала-бақша психологтары. Психологтың міндеті: психодиагностиканың әдістерімен қолдану арқылы және зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, баланы жастағы баланың оқуға дайындығын анықтау.

Міне, құрметті ата-аналар, бала бес жасан асты екен деп, баланың кеңесінсіз баланы бірден мектепке берген жағдайда оның мектеп өміріне дайын еместігі ары қарайғы оқу үлгеріміне нұқсан әкелетінін білген жөн. Сонымен қатар, балаңызға жылы сөздер айтады, мақтан тұтуды, қателіктерін түзетуіне көмектесуді ұмытпағайсыз.

Балаларға қандай ойыншықтар қажет?

Баланың бай эмоционалды әлемі ойыншықтарсыз дамуы мүмкін емес, олар баланың өз сезімін білдіруге, қоршаған ортаны зерттеуге, өзінің тануға және қатынас жасауға мүмкіндік береді. Ойыншықтардың міндетті түрде қымбат және бай қуыршақ, машина болуы қажет емес. Кейбіреуде анасынан қалған қонжық, перделерден тігілген киімдері қонжық болуы мүмкін. Көптеген сансыз ойыншықтар ішінен тек қана бала өзіне қажеттісін таңдап ала алады. Бұл таңдау үлкендердің достар мен сүйіктілерін таңдау сияқты, ішкі эмоция қозғаушыларымен шарттасады.

Әр баланың сырласатын, ұрсатын, жаза қолданатын, аяп, айыпалайтын ойыншығы болуы керек. Ондай ойыншық ата-ана бір жерге кеткенде, жарық сөніп ұйықтау кезіндегі қараңғыдан қорқу сияқты жалғыздық қорқынышын ойыншық – досы жеңуге көмектеседі. Кейде ол ойыншықтарға ызаланады, жазалайды, сындырып көрінбейтін бұрыштарға тығып тастайды, бірақ ренжіген кездерінде естеріне алып, жөндейді, өшіріліп қалған көзін, ернен қайтадан жаңартады, жаңа киімдер, құлағын, құйрығын тігеді.

Ал робот – трансформерге, «Денди» ойыншығына бала қызығуы соншалықты болады деуге сену қиын. Кішкентай ұлдар мен қыздар жандарына жақын Барби, қонжық, мысық, қоянды өздерінің ойындары ретінде қабылдайды, өйткені олар адамдарға жақын және түсінікті.

Дегенмен, баланың таным, ойлау қабілеті, өрісі дамуы үшін үлкендерге еліктеу, ертегі оқиғаларын қайталау үшін ойыншықтар жиынтығы болуы керек.

Өмірге байланысты ойыншықтар.

Қуыршақтар отбасы (жануарлар отбасы болуыда мүмкін) қуыршақ үйі, ыдыс-аяқ, жиһаз, машиналар, қайық, касса, тирюоль медициналық және шаштарас құралдары, сағат, кір жуу машинасы, шторлар, теледидар, бор және тақта, есеп, музыкалық құралдар, темір жолдар, телефон және т.б.

Ашуды шығаруға көмектесетін ойыншықтар. Солдаттар, қарулар доптар, үрленетін ойыншықтар, секіртпелер, кегли, сонымен қатар лақтыратын дротиктер және т.б.

Шығармашылық қиялды және өзін танытуды дамыту ойыншықтары.

Текше, матрешка, пирамида, конструкторлар, әліпбилер, үстел ойындары, кеспе суреттер мен открыткалар, бояулар, пластилиндер, мозайка, қол еңбегі жинағы, жіптер, мата қиындылары, желім, аппликация қағаздары және т.б.

Ойыншық сатып аларда мына тәртіпті қолданыңыз ойыншықтарды жинау емес, таңдау керек.

Үлкендердің елестетуіндегі ойыншықтар балалар пікірі бойынша ештеңеге жарамсыз. Автоматты және жартылай автоматты жиналған эмоционалдық талабын қанағаттандырмайды. Балаға мінезге тән өңдейтін, жөңдейтін ойыншықтар қажет. Ол үшін автоматты ойыншықтар жарамсыз.

«Өмір бойы ойыншық ойнау мүмкін емес» дейтін нақыл бар. Бұл шындық, бірақ үлкендер де кейде күлкілі сувенирлер сыйға алғанда да маз болатынына келісетін шығарсыздар. Өз балаларыңызға тек қана туған күдерінде және жаңа жылда ғана емес, сонымен қатар жақсы көңіл күйде болғанда да шаттық сыйлаңыздар!

Отбасындағы баланың рөлі

Бүгінгі бала – болашағымыздың бас көтсерер үлкен азаматы. Кез - келген халықтың тәрбие беруінде өзіне ғана тән ерекшелігі болады.

Адам баласы дүние есігін шыр етіп ашқаннан бастап тәрбиелеуді үнемі етеді. «Жас бала жаңа оркен бастаған жасыл ағаш тарізді» дейді халқымыз. Жерге отырғызылған жас көшет те қашан тамыры жерден, жапырағы жайқалып үлкейгенше, мәпелеп күтіп, үзбей бағууды керек етеді. Адам да-солай.

Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Бұл қасиеттерді адам бойына жастайынан мінез құлқының ережесі етіп қалыптастыру - тәрбиеге байланысты. Қазақ халқы осыны жақсы түсініп, жастар отдасында кішіпейілдікке, ізеттілікке, имандылыққа, мақсаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған.

Ұлы ғалым әл-Фараби бабамыз өзінің еңбегінде: «Баланың жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесіктен бастаған абзал»-десе, Абай атамыз: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды - дағы, сондайды білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - дейді өзінің кітаптарында.

Отбасы – адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – өсірілген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жетілдіріп, оның тұлға ретінде қалыптастыру.

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. Өйткені, «Ес түзелмей, ел түзелмейді», олай болса, егеменді еліміздің болашағы отбасында, бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілетін.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық үдерістерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді:

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру;
- Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету;
- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, жасы үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету;
- Әдебиетке, өнерге, мәдениетке тәрбиелеу;
- Ұқыптылыққа, адамгершілікке, ойшылдыққа тәрбиелеу.

Шаңырағы көтерілген екі адамның әрқайсысы өз орнын біліп өздерінің адамгершілік ар-намысын, абыройын жоғары ұстап, өмірлік экелген ұрпағын дұрыс тәрбиелеудегі жауапкершілігін жете түсініп аса жауапты міндет. Дүниеге келген нәресте ертеңгі азамат, ұрпақ жалғасы, қоғамды құрушы жасампаз күш. Оның білімі, әдебі, ата-ананы сыйлауы, еңбекке қатынасы, өмірге көзқарасы, бәрі-бәрі көрген өнегесіне, алған тәрбиесіне, саналығына байланысты.

Жақсы қасиет болсын, жаман қасиет болсын бала көбінесе отбасынан және жүрген ортасында көргенін үйренеді, соны қайталайды. Бұл ежелден белгілі жағдай. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Ұлың өссе – ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе – қызы жақсымен ауылдас бол» деген халық даналығының бәрі тәжірибеден, өмірден алынған. Бұл мақал-мәтелдің түйіні бала ата-анаға, өскен ортаға қарап өнеге алады.

Қазақ ағартушыларынан С.Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

Ұзақ жылдар бойы отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден бір формасы болып келеді. Қазіргі қоғамдағы отбасы баланың шырақ етіп дүниеге келген күннен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелілік ықпал жасайтын негізгі ошақ болып отыр.

Әрине, әркім өзінің баласының тәрбиелі, білімді болғанын қалайды, әрі еңбек сүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен дәрежелі қызметіесі болса екен деп те тілейді.

Кейбір замандастарымның жұмыстан кейін қолы бос уақытында, демалыс күндері балаларын ертіп ауыл маңындағы көгалды тоғайға, жасыл шалғынға сейіл құрып жүргенін қыс болса спорттық киімдерін киіп, шаңғы, коньки, шана сияқты әбзелдерін көтерін, мұз айдынына бара жатқанын көремін. Құлыншақтай ойнақтаған сәбилер таза ауада асыр салып, көбелек қуып, гүл теріп масайрайды. «Папа, ол не?», «Мама, бұл не?», «Ол, неге өйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» деп неше алуан сұрақ қояды. Сонда әкесі оған «қойшы әрі» деп ұрысып бетінен қақпайды, ненің не екенін, ненің жақсы, ненің жаман екенін ерінбей-жалықпай тәптіштеп түсіндіреді. Балаға деген ата-ана тәрбиесінің бір ұшығы осы емес пе?! Баланың өмірмен қарым-қатынасы, түйсік танымы осындай әке-шеше онгесінен нәрленбей ме?!

Бала тәрбиесі, оны мәпелеп өсіру – бүгінгі таңның үлесіндегі күрделі міндет. Жаңа заман, жаңа көзқарас – әр ғасырға тән.

Халық даналығында: «Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң – онда ағаш ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң – онда бала тәрбиеле» деген екен. Бала біздің болашағымыз. Ал бала бақыты бәрінен қымбат. Мұндайда ел даналығы «Баланы бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, ал он бестен асқан соң досыңдай сырлас» деген парасатты сөз саптаған.

Баланың бас ұстазы - ата-ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек» деп отбасылық тәрбиеге тоқталған. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке отбасының иыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана отбасына береке әкеліп жанұясын бақытқа бөлейді.

Бала - ата - ананың көз нұры, көңіл қуанышы. Егер бала әкешешесінің ақылды, әділетті, ұқыпты, аса байыпты, білімді екеніне сенетін болса, ол - бала үшін үлгі - өнеге. Әрі ата-анасын сыйлап, құрметтеу арқылы үлкендерді қадірлеп, кішілерге қамқор болуды үйренеді. Жақсы мен жаманды бала сырттан алмайды, көбіне ол отбасында көргенін алады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығы да-осының дәлелі. Отбасындағы сыйластық, ата – ананың бір – біріне деген құрметі бала тәрбиесіндегі ең үлкен күрделі және маңызды, жауапты міндет болып табылады. Ата – ананың үйдегі іс-әрекеті баланың жастайынан көз алдында өтеді. Бала тәрбиесінің алтын бесігі – ол отбасы, алтын ұясы . «Баланың бас ұстазы ата – ана дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастағанынан – ақ баланы байсалды, ұғымтал, тіл алғыш етіп баулаған жөн. Ата – бабаларымыз ұрпағын «адам», «адамзат» деген атқа лайық етін өсіруге мақсат еткен.

Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған баланың тәртібі қиындап, мінезі өзгеріп, оқу үлгерімі де нашарлап кетеді. «Баламыздың әрбір ерке мінезі, қылығы ертең өзіне зардабын тигізіп жүрмей ме» деп әрбір ата – ана ойланып жүруі керек. Баланың кез – келген өтінішін орындау қажет емес.

Бала тәрбиесі бесіктен деп айтқанмен соңғы жылдары бала тәрбиесіне назар аударылып келгендігіміз баршамызға белгілі. Бала тәрбиесінің көзі үйелмен болып қаланатындығын ескерсек, әлі де болса баламызға жөнді тәрбие беруге жұмысбастылық, қолбайлау

болып келгенін жасыра алмаймыз. Әдетте көпшілік ата – ана баласының дені сау, тамағы тоқ, киімі бүтін жағына барынша көңіл бөледі де оның бойында жастайынан жақсы қасиет, сынық мінез қалыптастыруға онша көңіл бөле бермейді. Соның нәтижесінде балалық кезден бастап ашудың, өзімшіл, тәкаппар, жуас, өте тұйық, сондай-ақ ұрыншақ мінездер қалыптасады.

Міне, сондықтан да баланың рөлі отбасында ерекше орын алады. Отбасында оның орны жоғары тұрады, әрине, ата – ана оның баласын сүйеді, бұл сөзсіз, баланың баланың жетістіктерін жоғары бағалай алады.

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Мен сені жақсы көремін» дөңгелек үстел

Психолог сөзі:

Сіздерді бүгінгі «Мен сені жақсы көремін!» атты психологиялық бағыттағы дөңгелек үстелге қатысып отырғандарыңыз үшін алғысымды білдіремін. Яғни біздер баламыздың нәресте кезеңінде өзіне көңіл аудартып, өмірге «МЕН» деп айқайлап келетіні, жарық дүниеге бір пенде келгенін өзінің бақырып-шақыруы арқылы сезіндіреді. Бірақ «Менді» біліп туған сәби, өзгенің көмегісіз, тәрбиесіз, үлкеннің ақылынсыз, екінші қасиетті бойына дарытып алмайды. Туа біткен қасиет пен жүре түзелер қасиеттердің екеуі екі бөлек. Бірі өзімшілдігі оңай дамыса, өзін еркін таныта алса, ал екіншісі адамды сүйе оңай шаруа емес. Сондықтан отбасында ата-ананың балаға деген сүйіспеншілік сезімі қаншалықты жоғары деңгейде болса, баланың психологиялық-физиологиялық дамуы қалыпты жағдайда қалыптасады.

- Олай болса, түйіні терең ойларыңызды ортаға салсаңыздар.

- Қазір мен сіздерді екі топқа бөліп, топтық жұмыс жасауда 2 сұрақ ұсынамын. Сол сұрақ төңірегінде сіздер пікірлеріңізді плакатпен жұмыс жасау арқылы қорғап шығасыздар?

1 сұрақ: Өз балаңызды жақсы көру деген нені білдіреді?

2 сұрақ: Неліктен кейбір ата-аналар өз балаларын жақсы көрмейді? Себебі не?

- ата-аналардың пікірлері тыңдалады.

Психолог сөзі: Жарайсыздар! Рақмет сіздерге! Ал енді «Әке мен бала» арасындағы шағын диалогке назар аударсаңыздар.

* Әкесі наукастанып, ауруханада жатыр. Қызы әкесінің халін білуге алыстан келіп тұр еді.

- Ләззат келіпті ғой ,қызым менің!Қане саған жақсылап қарап шайыншы! Қасыма отыршы.

- Қалайсың әке? Халің қалай?-деп сұрады Ләззат

- Нашар, қызым, нашар. Аз ғана өмірім қалды-ау деймін....

- Әке қойшы,олай демеші!

- Тоқтай тұр, Ләззат менің саған айтарым бар. Мен осында жатып көп ойландым. Сен туралы, анаң туралы,өмір жайлы.....Сонда түсінгенім: сен мен үшін өте қымбатсың, сен-менің қуанышымсың, қанымсың. Бірақ мен өмірімде саған ең басты маңызды сөздерді, сені қалай жақсы көретінімді айтпаппын. Мен сені әрқашан жақсы көрдім, Ләззат, бірақ соны саған ешқашан айтпадым. Жақсы көретінімді неге әрдайым айта бермедім деп өкініп жатырмын..... деген екен.

Психолог сөзі:

Біздің балаларымыз да әрқашан бізден осы сөздерді күтеді.Ендеше балаларыңызға жақсы, жылы сөздерді жиірек айтып отырсаңыздар деймін.

Ата –ана бала көзімен қарағанда қандай әсерде болатындарыңды байқап көру мақсатында «Бала мүсіні» атты көріністі ұсынамын.

Психолог сөзі: Баланың роліне ата-аналардың бірін шақырамын. Қатысушыларға әр топтан көрініс кезінде айтылатын тым сөздерді естерінде сақтап, орамалмен байлап тұру тапсырылады.

Менің кішкентай қызым бірінші сыныпта оқиды. Біз екеуіміз мектепке асығып келеміз, автобусқа үлгеріп келуіміз керек. Менің қызым өте қозғалғыш, бәрін білгісі кеп тұрады, тіпті автобусқа асығып келе жатқанда да көп сұрақтар қояды.Мен қызымның қолынан алдым да, жүгіре жөнелдік.

Мама, анау не, қарашы!-деді қызым.

Уақыт жоқ, аяғыңның астына қара, сүрінесің де жүресің! Неге жан-жағыңа алақтай бересің? Жолға қара. ЖАН-ЖАҒЫҢА ҚАРАМА!-деп жауап бердім мен. Сол сәтте қызым сөздерді тура мғынасында түсініп, менің бұйырғанымдай көзін жұмды. (орамалмен көзің байлаймыз) Біз әрі қарай мектепке асығып кетіп барамыз. Автобусқа мініп, мен онда өзімнің құрбымды кездестірдім. Екеуіміз кешегі күнді талқылай бастадық. Қызым мұхият тыңдап, содан соң былай деді.

Мама, мама, құстың сайрағанын естимісің? Сағат деген ағай кім деді.

Мен, неге сен үлкендердің әңгімесіне жағаласасың? Құлағыңды түріп алыпсыңғой, үлкендердің әңгімесін тыңдауға ұялмайсың ба? **ТЕЗ ҚҰЛАҒЫҢДЫ ЖАП!** (орамалмен қызымның құлағын байлаймыз)

Біз а втобустан түсіп, жолмен жүгіріп келеміз. Мен кешігіп қаламыз ба деп қайта-қайта сағатыма қарап келемін.

Бүгін қандай күн, тамаша болады! Мама мен Малика күтпеген отырған шығар, мен оған фантик әкелемін дегенмін, анау ше..... – деді.

Қойшы! Не былшылдап кеттің ,уақыт жоқ,онсызда кешігіп келеміз.Осы сен үндемей жүре алмайсың ба? **ТЕЗ АУЗЫҢДЫ ЖАП!** (орамалмен аузын байлаймыз). Баламды қолынан ұстап алдымда, әрі қарай жылжыдық.Қызым үндемей келеді,бірақ жерден бір бұтақты көтере бастады. Мен оның тілазар екенін айтып,қолынан салып жібердім.

Осы сенің қолдарыңа тыным жоқ екен.Таста дедім мен саған **ТАРТ ҚОЛЫҢДЫ!** (орамалмен қолдарын байлаймыз) Осы кезде секеңдеп, аяғын жан-жаққа сермей бастады. Менің төбе шашым тіпті тұрып,оған айқайладым.

Сен мұндайды қайдан үйренгенсің? Бұл немене тағы? Секең дегенінді қой! **ТҮЗУ ТҮР!** (орамалмен аяқтарын байлаймыз) Мен сағатыма қарап, кешігетінімізге ашуланып, баланы сілкілей бастадым.

Неғып былжырап келесің, аяғыңды бас тезірек,жүруді де ұмытып қалғансың ба, Бол тез! Әкел қолыңды! Қолы қол емес имек сияқты,я дұрыс жаза алмайды, я дұрыстап ұстай алмайды. Жолыңа қара, сүрінбей, соқырға ұқсап келе жатқанын қарашы! Неғып үндемей қалдың, мен сенімен сөйлесін тұрмынғой керең неме! Қызым жыламсырай бастады. Мен одан сайын даусымды көтеріп айқайлады.

Неге жылайсың? Неге жылайсың деймін мен саған.Жылайтындай не болды? Мені ұятқа қалдырдың ғой ! Мен кімге айтып тұрмын. **ЖЫЛАМА!** (осы сөздерден кейін ішін қатты байлаймын) Сөйтін,әрі қарай қызымды қолынан дым келмейтіндігі үшін сөгуді жалғастыра бердім. Яғни мен оның бала екенін және оған менің көмегім керек екенін ұмытып, оның істеген істеріне көңілім толмай жүре бердім.

Ата-аналардың ой пікірлерін тыңдау

Сіздердің осы оқиғадан түйген ойларыңызбен бөліссеңіздер?

Ата-ана бала көзімнен болғанда қандай әсер алдыңыз?

Кішкене болса да бала тәрбиесінде кетіп жатқан қателіктеріңізді түзетуге түрткі бола алды деп ойлайсыздар ма?

Қорытынды:

Психолог сөзі: Жақсы! Керемет ой білдірдіңіздер!

Атақты жанұялық терапевт Вирджиния Сатир баланың дұрыс дамып-тасуына күніне бірнеше рет құшақтауды оң әсер беретінін айтқан. Яғни баланың өмір сүруі үшін 4 рет құшақтау өте қажет болса, ал өзін жақсы сезіну үшін кем дегенде 8 рет құшақтау керек деп есептеген. Ал баланың интеллектуалдық жағынан дамуы үшін күніне 12 рет құшақтау қажет деген. Ересектер үшін де өте қажет екенін де айтқан. Бала өзі ата-ана құшағынан өзі шықпайынша итеріп жіберуге болмайды. Бала өзін риясыз қабылдайтынын сезініп өсу керек. Баланың психологиялық дамуына көмектесе отырып, эмоционалдық жағынан қоректендіреді. Бала осындай белгілерді алмаса, онда эмоционалдық проблемалар, мінез-құлқындағы ауытқушылықтар пайда болып, тіпті психикалық –жүйке ауруларына да ұшырауы мүмкін.

«Біз мектепке барамыз» дөңгелек үстел

Сәлемдесу.

Барысы: Ата – аналар шеңбер жасай тұрады.

1. Сәлемдесу Бір күнгі танысыңа қырық күн сәлем дегендей біз бүгін бір – бірімізбен дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз.

1 нұсқа. Алақанымыздың ішін және сыртын тигізіп бір – бірімізге күлімсірей қарайық

2 нұсқа. Бір – бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз.

3 нұсқа. Оң және сол жақ иықтарыңызды тигізіп сәлемдесу.

Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңыздар? Өмірдегі ең маңызды тіреулеріңіз кім? (Бала , жанұя, отағасы, т.б.)

Теориялық бөлім «Біз мектепке барамыз»

Мектепке алғаш бару бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс сөнгізеді, қоғамдағы жаңа орынға бейімделуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы болады. Демек, «Баланы мектепке даярлау қалай болуы керек?» деген сұрақтың ата-ана үшін маңыз артып, тиісті жауап іздейді. Бұл сұраққа көптеген ата-аналарда екі пікір қалыптасқан: бір ата-аналар алғаш мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап данышпан етуді мақсат тұтса, кейбіреулері, керісінше, бала білмей

барса, барлығын мектепте үйренуі тиіс деген пікірде. Осы пікірлердің алтын ортасын қалай тандаймыз? Баланы мектепке физикалық жағынан да, психологиялық жағынан да қалай дайындаймыз?

Бірінші сыныпқа баратын бала жазу-сызуды біліп баруы міндетті емес, оған барлығын мектепте үйретуге міндетті. Алайда, қазіргі заман оқу бағдарламасының тапсырмаларын ауыртпалықсыз орындау үшін, іс-жүзінде мектеп табалдырығын аттамас бұрын жазу мен оқуды біліп барғаны дұрыс. Балаңыз мектепке бармас бұрын оқу-жазуды білсе – жақсы! Балаға жазу-сызу барысында қарындашты немесе қаламсапты дұрыс ұстап үйретуді ұмытпаңыз. Баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы шарт, сөйлеген сөзінің мағынасы өзіне түсінікті болу керек, өзінің ойын жеткізе алуы қажет.

Жазып санауымен ғана шектеліп қана қоймай, салыстыра білуді және талдауды, ойлай білуді меңгере алу тиіс. Сонымен қатар, өздігінен қорытынды жасай білсе, көп нәрсені жақсы түсінеді. Көрнекі әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен мөлшерін ұйқастырғанда қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін ұйымдастырып шығарады. Кез-келген ата-ана баланың өсіп жетілуіне, рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл ойы мен дене құрылысы жағынан жан-жақты дамуына баулу керек.

Баланың мектепке дайын болу жағдайы бірнеше түрге бөлінеді:

1. Дене бітімінің дайындығы – баланың салмағы мен бойының өз жасына сай болуымен қатар он екі мүшесі сау болуы керек;
2. Зиятының дайындығы – баланың ой-өрісінің, есте сақтау қабілетінің, тілінің, зейінінің, өз еркімен тапсырма орындай алуының, мақсат қоя білуінің, қателігін түсіне білу қабілеттілігінің өз жасына сай болуы;
3. Әлеуметтік-психологиялық дайындық – баланың жаңа ортаға деген көз-қарасының, оқушы жауапкершілігінің, өзін-өзі ұстай білуінің, үлкен кіші адамдармен қарым-қатынасының өз жасына, мектептердің талабына сай болуы;
4. Ерік аясының дайындығы – баланың өз іс-әрекетін мақсатты түрде қалыптастырып, өз кемшіліктері мен жетістіктерін дұрыс қабылдап, әрекет ете білуі;

Әлеуметтік-психологиялық дайындық

Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар әріптерді танумен, сандарды санаумен ғана шектеліп жатады. Одан басқа, баланың мектепке қажетті құрал-саймандары мен киім-кешектеріне баса назар аударады. Әрине, бұл дайындықтарсыз баланың мектепке дайын болуы екіталай. Бірақ баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен, материалдық дайындығымен шектеліп қоймай, оны оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Баланың психикалық үрдістерінің дамуы оқуда және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді.

Мектепке келген бала «оқимын» деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ, кейде бала оқуға барғысы келмейді, дегенмен оның себебі әр түрлі болады: бір балалар мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен баруы мүмкін. Алайда, мұндай ықыласпен келген балалар біраз уақыттан кейін мектептің олар үшін қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісіне қызығуы қажет. Сонда ғана баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік туады. Сонымен бірге баланың мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасауы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағдылануы керек.

Баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі ерік-жігерінің даярлығы болып саналады. Баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш пен бойындағы қабілеттерін жұмсай білуі, қиындықтарды жеңе білуі балалардың психикалық үрдістерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Егер балалардың оқуға дайындығы осы бағыттармен ұштасып жатса, бала оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала педагогтармен және балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үрдісінен өзінде жағымсыз эмоциялық сезіну пайда болып, қорқыныш пайда болады. Сондықтан балалардың көңіл күйі болмай, себепсізден жиі ауыруы «мектеп неврозы» сипатында көрінеді. Яғни мектепті еске

алса болғаны, жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стрессті тудыратын факторға (стрессогендік фактор) айналып, денсаулығының нашарлануына әкеп соғады.

Осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағлұматтар айтып, баланың мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы – баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа балалардың ойымен санасуға үйрету.

Балаларды мектепке психикалық даярлау бағыттарын тәжірибелі жүзеген асыратындар – ата-аналар, мұғалімдер, бала-бақпаш психологтары. Психологтың міндеті: психодиагностиканың әдістемелерін қолдану арқылы және зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, алты жастағы баланың оқуға дайындығын анықтау.

Ситуациялық жағдай

1. Ересектер тобына келіп жүрген 5 жастағы Олжасты ешнәрсе қызықтырмайды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиеші Олжасқа ерекше көңіл бөліп, тапсырмалар беріп, ойын әрекетімен қызықтыруға тырысады. Бірақ Олжас не топ балаларын, не тәрбиешінің ескертулеріне ешқандай құлақ аспайды, өзі жалғыз жүреді. Тәрбиеші баланың ата-анасымен де сөйлесті, «Олжас үйдегі жалғыз бала, ол ерке өскен, баланы дұрыстап мектепке даярлаңыз, сіз сабақ жүргізбейтін шығарсыз»- деп тәрбиешіге күмәнмен қарады.

- Олжастың мұндай әрекетінің себебін түсіндіріңіз?

-Сіз не істер едіңіз?

2. «Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Мұғалім ұрысқанын, енді сабаққа барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?»

3. «Марат сабаққа дайындықсыз келді. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатты.

Марат сабақты да тындамады.

Онымен қоса жанындағы оқушыларға да тыныштық бермеді.

Мұғалім ескертулер берсе де қорытынды шығармады. Мұғалім оқушының сыныптан шығып кетуін талап етті.

Марат үйге келіп шағым айтты.

Ата – анасы әй – шәйға қарамай, директорға кіріп айқай шығарды.

Ата – ананың бұл әркеті дұрыс па? Сіз қандай әрекет етер едіңіз?»

Балалар өте тез өсіп ер жетеді. Міне, сіздің кешегі сәбиіңіз енді ер жетті, жақында мектепке барады. Көптеген ата-аналар баласының мектепке баруына байланысты қорқыныштарын білдіреді. Сондықтан қазір біз сіздерден «Сіз балаңызды мектепке беруге дайынсыз ба?» деген сауалнамасын ұсынамыз.

«Тілек шамы»

Бүгінгі дөңгелек үстелді ұйымдастырудағы басты мақсатымыз баланың мектепке барудағы психологиялық дайындылығының маңыздылығын атап көрсету. Баланың мектептегі жаңа өмірге тез бейімделуінде отбасы мүшелерінің де маңызы зор. «Отбасы» - ұшқан ұя, жылулықтың, жылылықтың мекені. Отбасы атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан қазір «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге жылы лебіздерімізді, ақ тілектерімізді айта отырып жүргіземіз.

ПЕДАГОГТАРҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАРЛАР

Семинар-тренинг: «Мектепке дейінгі балаларды арт-терапия арқылы шығармашылыққа баулу» «Комплимент» ойыны

Жаттығудың тапсырмасы – қатысушылардың бірін бірі түсінуі арқылы эмпатия деңгейін көтеру, тіл табыса алу қасиетін, бірі бірін толық тануын дамыту. Тренингке қатысушылар шеңбер бойымен орналасады. Кез келген қатысушы жағымды комплимент айтады. Ал қалғандары ол кімге арналғанын табады. Комплимент айнап қатысушы ойынды әрі қарай жалғастырады. Барлығы түгелдей жағымды эмоция алмайынша ойын аяқталмайды.

Осы жаттығу тренингке қатысушылардың қаншалықты қызығушылықпен тапсырмаларды орындағандарын дәлелдеді.

Тренинг аяқталғаннан кейін қорытынды ширингте «Тренинг саған не берді?» деген сұраққа қатысушылар өздерінің ойларын ортаға салады.

Осыдан тренинг нәтижесінде бірлескен іс-әрекет қарым-қатынас қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар тұлғаның дамуы мен өзгеруіне тікелей ықпал етеді.

Теориялық бөлім

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып табылады. Аталған терапияның түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие. Алғашқы Арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру, немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде. Яғни бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы қасиеттердің мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды.

Арт терапия- бұл емдеу ғана емес, сонымен креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек. Арт терапия бейнелік өнер арқылы жанның дамуы мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі. Арт-терапия терминін ғылымға 1938 жылы Адриан Хилл енгізді. Арт-терапия ағылшын тілінен аударғанда шығармашылық терапия деген ұғымды білдіреді. Арттерапия шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында,

психологияда, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады. Әр адам өзін, өзіннің және өзіннің жағдайын әуен, дыбыс, қимыл және сурет арқылы білдіруге алады. Кейбір адамдар үшін бұл- әлемге өзі туралы өзіннің шығармашыл адам екенін танытудың жалғыз ғана әдісі болып қалады.

Ойын терапиясы мен қозғалмалы би терапиясына арналған ойын-жаттығу

Музыка әуенімен әр топ берілген кедергілерден би билей отырып, шарларды жару керек. Шар ішінде әр қатысушыға арналған сыйлық бар. Шарды жара алмаған қатысушыға екінші мүмкіндік беріліп, өз сыйлығын алуға болады.

Шығармашылық тапсырма (коллаж).

Музыка терапиясы мен бейнелеу терапиясының біріктіріліп өткізілуі. Көңілді музыка қосылады. Әр топқа ватман мен маркер, бояулар, паралон бөліктері, сабын, майшам, щетка беріліп, тапсырманың тақырыбы баяндалады. Тақырыбы: «Менің бақытты балалық шағым». Берілетін уақыт музыка біткенше. Әр топтың жұмысы қорғалады.

Семинар-тренинг: « Мектеп жасына дейінгі баланы өзге тілді үйретудегі әлемдік тәжірибелер»

«Шеңбер бойынша сөз тізбегі» ойыны

«Шеңбер бойынша сөз тізбегі» ойыны тренингке қатысушылардың сөздік мағыналы ойлауын, топтық қатынасын, сөйлеу мәнерін дамытуға ықпал етеді.

Ойынның ережесі: Қандай да бір қарапайым сөйлем таңдап, қатысушылар сол сөйлемді түрлі дауыс ырғағымен жалғастырулары қажет. Мысалы “Біз компетентті, кәсіби білімді маманбыз”. Енді оң жақтағы ойыншыдан бастап осы сөйлемді кезекпен айтамыз. Ойынның әр қатысушысы сөйлемді жаңа интонациямен айтуы тиіс (сұраулы, қуанышты, таңқалушы, немқұрайлы және т.б). Егер қатысушы жаңа дауысқа сала алмай айтылғанда қайталаса ойынан шығарылады. Осылайша ойын бірнеше рет ойналады. Басқа адамның интонациясын қайталауға болмайды.

Теориялық бөлім: «Бала тәрбиесінің психологиялық мәселелері» тақырыбында баяндама жасалады, слайдтар көрсетіледі.
«Сыр сандық» ойыны

Ұжымдық жұмыс: Ойлануға арналған «Сыр сандық» ойынының шартын таныстырам. Мен сұрақтарды оқимын. Сендер әр сұраққа 2 - 3 оқушы жауап беруі керек. Барлығы 15 сұрақ.

Ойынның шарты: Біз бір - бірімізді жақын тану үшін барлығына «сыр сандықты» ұсынамын. Топтың әр қатысушысы «сыр сандықтағы» аяқталмаған сөйлемді өз сөзімен аяқтайды.

1. Ен үлкен қорқыныш – бұл...
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін...
3. Мен ренжимін, егер...
4. Мен ұмытпаймын, егер...
5. Маған көңілсіз, егер..
6. Егер маған дауыс көтерсе, мен...
7. Мен қарсыласқанда...
8. Егер мен сенімсіз болсам, онда...
9. Маған ұнады, себебі...
10. Егер, мен шаршасам...

Сөйлемді аяқтағанда, қандай сезімде болдыңдар? Әрине, әрқайсымыз қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерінен өттік. Ренжіген, нашар көңіл - күй немесе көңілсіздік болған шығар. Бұл сәтте қолдау мен сүйенішті қажет етеміз.

Семинар-тренинг: «Инновациялық (кұм терапиясы, ассоциация әдісі) әдістерді қолдану арқылы балаларды көптілді меңгеруге тәрбиелеу»

«Ұнайтын есім» жаттығуы

Нұсқау: Жұмыстың барысында топ мүшесі жеке есімі жазылған жолақты кеудеге іліп алады. Бұл ойын түрінде аталатын достың, кейіпкердің немесе өзіне жақын ұнайтын кез келген есімді қоя алады және еркін таңдау ұсынылады. Ол анық және үлкен әріппен жазылып, барлығына көрінетіндей көкірекке қыстырылады, жұмыс барысында бір-бірін осылай атайды. Барлығына 5 минут уақыт жұмсалады. Негізгі міндет-өзінің жеке тұлғалығын белгілеу.

Теориялық бөлім. «Мектеп жасына дейінгі балалардың үш тілді меңгеруінің психологиялық мәселелері» тақырыбында баяндама жасалып, слайдтар көрсетіледі

Құм қалашығындағы ойын

Құмдағы ойындар – баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын орындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. Құмнан суреттер сылып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Өз қиялындағы ертегіні құрастыр (ұсақ ойыншықтар, тастанды заттар, табиғи заттар, алдын - ала қағаздан, ермексаздан жасалған т. с. с.)

Құмдағы ойындардың мақсаты:

1. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.
2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту; түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістіктік түсінікті, тактильді - кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикаларын.
3. Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым-қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру.
4. Қиялды, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік - логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс - әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу, эмпатияның пайда болуына ықпал ету.

Мәселелері:

Танымдық сезімдерін дамыту (зейін, жады, қиял, қабылдау)

Интеллектуалдық ортаны қалыптастыру – ойлай білу, көрнекі - шынайылық, көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, шығармашылық ойлау.

1. Эмоционалдық және коммуникативтік ортаны (қарым-қатынастың табысты
2. ағымына қажетті, ауызша және ауызша емес құралдарды қолдана отырып) дамыту.

3. Жеке тұлғалық, ерікті, психофизиологиялық органы (тактильді кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасын) дамыту.

Құмдағы ойындардың негізгі принциптері:

1. Шығармашылық белсенділік таныта отырып, бала өзін ыңғайлы әрі қорғалған күйде сезінетін табиғи ынталандыратын орта жасау.
2. Бұл үшін біз баланың мүмкіншіліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды таңдаймыз; ертегі түріндегі ойындарға нұсқаулық құрамыз, оның нәтижесін, идеялары мен әрекетін жағымсыз бағалауға жол бермейміз.
3. Ертегі ойындарының кейіпкерлерімен бірге әртүрлі жағдаяттарды ойнау, шынайы «бірге тұру».

Осы принциптің негізінде қиялдағыдан шынайылыққа және керісінше өзара ауысу жүзеге асырылады. Мысалы, Ханшайымның құтқарушысы ролінде болып, бала жағдайдан шығатын жолды ұсынады, сонымен бірге оны құмда шағын фигуралардың көмегімен шынайы ойнайды. Сонымен, ол өзінің ісі мен таңдаған жолының дұрыстығы не қателігіне көз жеткізеді.

Қажетті материалдар мен жабдықтар

1. Су өткізбейтін ағаш қорап. Қораптың ішкі қабаты (түбі және қабырғалары) көк немесе көгілдір түске боялады. Осылайша, түбі су, ал қабырғалары - аспан нышанын білдіреді.
2. Таза, өзен құмы (алдын - ала жуылған, духовкада заласыздырылған). Ол тым ұсақ болмауы керек. Құм қораптың түбіне ғана толтырылады. Құмды ойындар үшін оның ылғалды болғаны дұрыс.
3. Түрлі - түсті құм.
Мектепке дейінгі балалардың өздерінің психо ұйымдастырылуына қарай ашық түстерге эмоционалды әсерленгіштіктерін ескере отырып, жұмыс барысында түрлі - түсті құм қолданылады.
4. Шағын фигуралар «коллекциясы» (биіктігі 8 см - ден аспайтын «Киндер-сюрприздан»). Ойыншық жиынтықтарына мыналар кіреді:
 - адам кейіпкерлері;
 - жануарлар (үй, жабайы, тарихқа дейінгі, теңіз және т. б.);
 - көліктер (құрғаққа жүретін, суда жүзетін, ғарыштық және т. б.);

өсімдіктер (ағаштар, гүлдер, көкөністер, жаңғақтар және т. б.);
табиғи заттар (ұлуастар, бұтақтар, әр түрлі пішіндегі тастар және т. б.);

лақтырым материалдар (пласмасс ыдыстар, тығындар және т. б.);
Пластикалық немесе ағаш әріптер мен сандар, геометриялық пішіндер.

Бір сөзбен айтқанда, қоршаған әлемде кездесетін заттың бәрі «коллекцияда» лайықты орынға ие бола алады. Егерде ойын кезінде қандай да бір бейнелердің фигуралары жетіспесе, оларды ермексаздан, қамырдан илеп, қағаздан қиып жасауға болады. Педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, педагогикалық процестің алдына қойылған міндеттерін іске асырудың ең тиімді әдіс, тәсілдерді, ұйымдастыруға қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан-жақты етіп қалыптастыру бірлікте шешімін табады.

Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан - жақты дамуына тигізер үлесі өте зор.

«Тұлғалық кеңістік» жаттығуы

Нұсқау: Бөлмеден өзіне ұнамды орын іздестіру. Асықпау, өзіңізге жағымды, адамдарға жақын емес орында таңдау. Сіз тұрған кеңістік сіздің меншігіңізде. Ешкім бұл жерді аттап баса алмайды.

Табан астындағы еденді толығымен сезініңіз. Қолыңызды созып, кеңістігіңіздің шекарасын белгілеңіз. Оны қалауыңызша үлкейтуге болады. Енді толық тыныштықты сақтап, өз шекараңызды сезініңіз. Ол қаншалықты жағымды? Кеңістігіңізді тағы қалай өзгерткіңіз келеді?

Қазір мен қатты дауыстап «Орын ауыстыру», - деп айтамын. Әрқайсысын өз кеңістігінен шығып, басқа адамның орнына барады. Барлығы жана орынға ауысады, Орын сізге қаншалықты ұнамды және жайлы? Енді өз кеңістігіңізге келіңіз. Енді өзіңізді қалай сезінесіз?

«Кездесу» жаттығуы

Мақсаты: Мұғалімдерді балалық шағын еске түсіру, эмоцияналдық күйін дамыту.

Шенбер болып отырамыз. Өзімізді еркін сезінеміз, жайлы отырамыз, бірнеше рет еркін тыныс алыңыз. Өзіңізді дәл қазір өзіңіздің үйіңде деп елестетіңіз. Әдетте өзіңіздің демалатын, өзіңізге жайлы орныңызда отырсыз. Іштей сіз өзіңізге маңызды кездесуге дайындалып жатырсыз.

Енді орныңыздан тұрып ойша далаға шығуға дайындалып жатырсыз. Есік ашылды, Сіз баспалдақпен төмен түсіп келесіз. Далада жаздың шуақты күні нұрын шашып тұр. Алдыңыздан қарама-қарсы бір бала шыға келді. Ол сізге жақындап келеді. Анықтан қараңыз, бұл бала – сіздің өзіңіз, бастауыш мектепте оқыған кезіңіз. Балаға назар аударыңыз, оның киіміне, бет пішініне және көңіл-күйіне. Оған өзіңізге маңызды сұрақты қойыңыз және жауабын естуге тырысыңыз. Осыдан кейін бұрылып өз үйіңізге қайтыңыз.

«Өзіңіздің балалық кейіпіңізді суреттеңіз және қазір ішкі жан дүниеніңізді бейнеленіңіз», «Қандай сұрақ қойдыңыз және қандай жауап естідіңіз?», «Өзіңіздің ішкі алған әсеріңізді және толғанысыңызды суреттеңіз».

ПЕДАГОГТАРҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГТЕР

«Жасырын хат, ойлан тап!»

Қажетті құралдар: ватман, түрлі түсті фломастерлер, қырындаштар, өшіргіш, сызғыш

Уақыты: 20 минут

Барысы: Қатысушылар 3 топқа бірігіп отырады.

Жүргізуші: Ерте-ерте-ертеде . . . әлі адамдардар әріп танымаған уақытта да, олар бір-біріне хат жазған екен. Қалайша? Олар сурет салуды біліпті. Бүгін біз соны үйренеміз. Өз қарсыластарыңызға сурет арқылы қысқаша ғана ойларыңызды жеткізіңіздер. Әр бір топқа белгілі бір сөйлемдер беріледі:

«Бүгін маған сағат кешкі 6-да телефон соқшы» - 1-ші топқа арналған хат;

«Бүгін жұмыстан кейін кинотеатрға барайық» - 2-ші топқа арналған хат;

«Жексенбі күні сағат 15.00-де менің туған күніме кел» - 3-ші топқа арналған хат.

Ұстаздар өздеріне берілген тапсырманы ватманға сурет арқылы салып, өзара алмасады. Келесі топтың қатысушылары, суретте берілген сөздерді анықтаулары қажет.

«Жемісті ұстаз» тренингі

Қажетті құралдар: түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер, қағаз

Уақыты: 5 минут

Нұсқау: Қазір бір параққа ұнайтын жеміс-жидектің суретін салыңыздар.

А) Бұл жеміс қандай ішіне жазыңыз?(піскен бе?дәмі қандай?қалай көрінеді)

В) Тақтаға іліңіздер

Талдау тақтаның жоғары жағына ілгендер өзіндік бағалауы жоғары,ортасына ілгендер орта,төмен соңында апарат ілгендерде-төмен.

Жемістің кімде піспегені бар? Бәрінің жемісі піскен болуы шарт себебі,сіздер осы іспен айналысып жүргендеріңізге бірнеше жылдың жүзі болды.

Қарбызды ұнататындар орнықты адамдар. Олар шиеленіске, жанжал, дау – дамайға бара бермейді. Еш уақытта еш нәрсені шағымданбайды. Тұрмыс пен көңіл – күйін тек қана өз күшімен жақсартуға ден қояды. Отбасында да үлгілі, артық – ауыз сөзі жоқ. Кейде табандылық жағы ғана жетіспейді.

Жүзімді ұнататындар өзінің де, өзгенің де сырын сақтай білетіндер. Бірақ мұндай тұйықтық, кейде шектен асып кетеді де, ондай адамдарға сенімсіздікпен қарауы мүмкін.

Құлпынайға “кет әрі” болмасаңыз сіз көңілді, қонақжай адамсыз. Елмен тіл табыса аласыз. Сізге сыпайылық тән, талғамыңыз нәзік. Ешкімге тәуелді емессіз. Дегенмен қызғаншақтығыңыз жоқ емес.

Шабдалыны ұнататын адамдар көпшіл, кез-келген адаммен тіл табыса алатын ашық жарқын болып келеді. Сізден сыпайылық пен мәдениетті адамның белгілері айқын аңғарылып тұрады. Тек бір кемшілігіңіз – қиындықтарды ауыр көтересіз, кейде оларды жеңуге дәрменсіздік танытасыз.

Егер сізге алма өте ұнайтын болса, жігерлі, бірақ аздап ескі көзқарастағы адамсыз. Өз бастығыңызға берілгенсіз, Оның қандай тапсырмасын болсада, жан сала тиянақта атқаруға тырысасыз. Аздап ақын жанды, өз - өзіңізге риза адамсыз.

Егер сіз шиені ұнатсаңыз, мінезіңіз жұмсақ, кішіпейілсіз. Өзгеге қуанышпен жақсылық жасау үшін, кейде өзіңізге зиян келтіріп алуыңыз мүмкін. Өтірік - өсек сөзге жоқсыз, ессесіне анекдоттарды ұнатасыз. Ал махаббат жөнінде сәби тәріздессіз, сізді оп – оңай өкпелете салуға болады.

Қара өрікті ұнататандар өз атына айтылған сынды көтере алмайтындар. Олармен достық, жолдастық қарым – қатынас орнатуда қиын көрінеді.

«Танысу» жаттығуы

Нұсқау: Жұмыстың барысында топ мүшесі жеке есімі жазылған жолақты кеудеге іліп алады. Бұл ойын түрінде аталатын достық, кейіпкердің немесе өзіне жақын ұнайтын кез келген есімді қоя алады және еркін таңдау ұсынылады. Ол анық және үлкен әріпшен жазылып, барлығына көрінетіндей көкірекке қыстырылады, жұмыс барысында бір-бірін осылай атайды. Барлығына 5 минут уақыт жұмсалады. Негізгі міндет-өзінің жеке тұлғалығын белгілеу.

Жүргізушіге кеңес: Қажетті құралды түгелдеу (кыстырғыш, илаам, қағаз). Тренингтің басында топ мүшесі өзінің жеке тұлғалығын сезіне білуге жұмылдыру, өз есімін таңдаудан басталады, қатысушы бір-біріне толық зейін қойып, жеке қасиетін айту қажет. Егер қасындағы сол жақ адамын есіне түсіре алмаса, басқа қатысушы көмек береді.

Танысуды былай ұйымдастыруға болады – «Саламтсыз ба, менің есімім ..., менің ойымша, сіз..., міне осындай сөз арқылы танысу басталады. Әр қатысушы қасындағы әріптесінің ерекшелігін, сүйікті сабағын, айналысатын. Бұл өте қызықты! Бірақ бір-бірін өкпелетіп алмау, қайта алынған жаңа ақпаратты мүмкіндігінше қысқаша жазып отыру қажет.

«Тұлғалық кеңістік» жаттығуы

Нұсқау: Болмеден өзіне ұнамды орын іздестіру. Асықпау, өзіңізге жағымды, адамдарға жақын емес орында таңдау. Сіз тұрған кеңістік сіздің меншігіңізде. Ешкім бұл жерді аттап баса алмайды.

Табан астындағы еденді толығымен сезінііз. Қолыңызды созып, кеңістігіңіздің шекарасын белгілеңіз. Оны қалауыңызша үлкейтуге болады. Енді толық тыныштықты сақтап, өз шекараңызды сезінііз. Ол қаншалықты жағымды? Кеңістігіңізді тағы қалай өзгерткіңіз келеді?

Қазір мен қатты дауыстап «Орын ауыстыру», - деп айтамын. Әрқайсысың өз кеңістігінен шығып, басқа адамның орнына барады. Барлығы жаңа орынға ауысады, Орын сізге қаншалықты ұнамды және жайлы? Енді өз кеңістігіңізге келіңіз. Енді өзіңізді қалай сезінесіз?

Кері байланыс «Крокодил» жаттығуы

Мақсаты: Ұжымды топтастыру

Қазір сіздер еркін жүресіздер, жай ғана әуен ырғағына жүріп, бір-бірлеріңізге қарайсыздар. Қалауларыңызша билеп, көңіл көтеріп, жалпы көңіліңіз қалаған нәрсені жасаңыз, алайда кез келген уақытта мен: «Топқа бесеуден!» - немесе үшеуден, немесе төртеуден. Сонымен – дәл сондай топқа топтасуыңыз қажет. Егер берілген сан бойынша топқа енбей қалсаңыз ойыннан шығасыз.

Солай ойын өз кезегімен жалғаса береді.

«Кездесу» жаттығуы

Мақсаты: Мұғалімдерді балалық шағын еске түсіру, эмоцияналдық күйін дамыту.

Шеңбер болып отырамыз. Өзімізді еркін сезінеміз, жайлы отырамыз, бірнеше рет еркін тыныс алыңыз. Өзіңізді дәл қазір өзіңіздің үйіңде деп елестетіңіз. Әдетте өзіңіздің демалатын, өзіңізге жайлы орныңызда отырсыз. Іштей сіз өзіңізге маңызды кездесуге дайындалып жатырсыз.

Енді орныңыздан тұрып ойша далаға шығуға дайындалып жатырсыз. Есік ашылды, Сіз баспалдақпен төмен түсіп келесіз. Далада жаздың шуақты күні нұрын шашып тұр. Алдыңыздан қарама-қарсы бір бала шыға келді. Ол сізге жақындап келеді. Анықтай қараңыз, бұл бала – сіздің өзіңіз, бастауыш мектепте оқыған кезіңіз. Балаға назар аударыңыз, оның киіміне, бет пішініне және көңіл-күйіне. Оған өзіңізге маңызды сұрақты қойыңыз және жауабын естуге тырысыңыз. Осыдан кейін бұрылып өз үйіңізге қайтыңыз.

«Өзіңіздің балалық кейіпіңізді суреттеңіз және қазір ішкі жан дүниенің бейнеленіңіз», «Қандай сұрақ қойдыңыз және қандай жауап естідіңіз?», «Өзіңіздің ішкі алған әсеріңізді және толғанысыңызды суреттеңіз»

«Сыр сандық» ойыны

Нұсқау: Құрметті педагогтар әр сұраққа 2 педагог жауап беруі керек. Барлығы 15 сұрақ.

Ойынның шарты: Біз бір-бірімізді жақын тану үшін барлығыңызға «сыр сандықты» ұсынамын. Топтың әр қатысушысы «сыр сандықтағы» аяқталмаған сөйлемді өз сөзімен аяқтайды.

1. Ең үлкен қорқыныш – бұл...
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін...
3. Мен ренжимін, егер...
4. Мен ұмытпаймын, егер...
5. Маған көңілсіз, егер...
6. Егер маған дауыс көтерсе, мен...
7. Мен қарсыласқанда...
8. Егер мен сенімсіз болсам, онда...
9. Маған ұнады, себебі...
10. Егер, мен шаршасам...

– Сөйлемді аяқтағанда, қандай сезімде болдыңыздар? Әрине, бірқайсымыз қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерінен өттік. Ренжіген, нашар көңіл - күй немесе көңілсіздік болған шығар. Бұл кәсіпте қолдау мен сүйенішті қажет етеміз.

Психологиялық сынақ: Өмір, жар, дос

Сіз қандай адамсыз, қалай өмір сүріп жатырсыз, өмірге көңіліңіз тола ма... Өзіңізге беймағұлым өз ішкі жан әлеміңіздегі құпияларды психологиялық сынақ арқылы анықтаңыз. Әр сұрақтың жауабын өзіңізге сақтап отырыңыз немесе жазып алыңыз. Жазба соңында жауаптарымен салыстырасыз.

Жыныс орманды аралап келе жатқаныңызда, алдыңыздан бір күркеше кезікті дейік:

1. Сізше күркешенің есігі қалай тұр? (*Жабық не ашық*)
2. Үйдің ішіне кіргенде бір үстел көзіңізге шалынды, сізше үстелдің формасы қандай? (*Дөңгелек, сопақша, квадрат формалы, тік төртбұрыш формалы, үшбұрыш формалы*)
3. Үстелдің үстіне бір гүл құмырасы қойылған, бұл құмырада су бар, сізше бұл құмыраға қаншалықты су құйылған? (*Толтырылған, орта, су жоқ*)
4. Сізше бұл құмыра қандай материалдан жасалған? (*Әйнектен, фарфордан, балшықтан, метәл, пластик*)
5. Сәлден кейін бір сарқырамаға келесіз, сол арада жарқ-жүрқ еткен бір затты көрдіңіз, ол затты иіліп алсаңыз бір топ кілт тағылған кілтгілгіш екен. Сізше онда қанша кілт бар? (*Бірден онға дейін*)
6. Бұл жерден өтіп, тағы да жолға шықтыңыз, жолдың сорабын іздеп жүргеніңізде алдыңыздан қала қорғаны көзіңізге шалынды, сізше бұл қандай қорған? (*Ескі қорған, жаңа қорған*)
7. Қала қорғанының ішіне кіріп жүріп келе жатқаныңызда алдыңыздан бір ластанған малтау көлшігі кезігеді, кенет былғанған көлшік бетінен жалт-жұлт етіпеткен асыл тастарды байқайсыз, сіз бұл асыл тасты қайтесіз? (*Аламын, алмаймын*)
8. Ластанған көлшіктің қасында тағы бір көлшік бар, бұл көлшіктің суы мөп-мөлдір, бетінде ақша қалқып жүреді, оны сіз теріп аласызба? (*Аламын, алмаймын*)
9. Қала қорғанының енді бір басында шығатын есік бар, сіз осы есік арқылы қала қорғанынан шығып кеттіңіз. Одан шыққаныңызда үлкен гүл бақшасын көрдіңіз, бақшадан бір сандық көзіңізге

- түсті. Сізше сандықтың үлкендігі қандай? (*Кішкене, орташа, үлкен*)
10. Сандық қандай материалдан жасалған? (*Қатты қағаздан, ағаштан, металдан*)
 11. Сандыққа жақын жерден гүл бақшаның ішінен көпір көрінеді. Сізше оны неден салған? (*Металдан, ағаштан, өсімдік сабағынан*)
 12. Көпірдің қасына келгеніңізде бір арғымақты көресіз, сізше арғымақтың түсі қандай? (*Ақбоз, күрең, қара*)
 13. Арғымақ не істеп тұр? (*Тыны мүлгіп тұр, жайылып тұр, шапқылап жүр*)
 14. Арғымаққа жақындау жерде қатты құйын соғып кетті, сіз не істейсіз?
 15. *Жүгіріп барып сандыққа тығыламын.*
 - *Жүгіріп барып көпірдің астына тығыламын.*
 - *Арғымаққа міне қашамын.*
- Жауабы:

1. Есік.

Ашық есік: сіздің қандай іс болса да басқалар мен ортақ игіліктенуді қалайтын адам екеніңізді бейнелейді.

Жабық есік: қандай іске тап болсаңыз да жалғыз өзіңіз шешуді жөн санайтын адам екеніңізді бейнелейді.

2. Үстел.

Дөңгелек, сопақша формадағылар: сізге серік болатын бірнеше достарыңыз бар, сіз оларға өте сенім артасыз.

Квадрат, тік төртбұрыш формалылар: сіз дос талғайсыз, тек жақсы танитын адамдарыңызбен ғана дос бола аласыз.

Үшбұрыш формалылар: сіз өте қазымыр адамсыз, сондықтан досыңыз көп емес.

3. Құмырадағы су.

Құрғақ: сіз көз алдағы тұрмысыңызға риза емессіз.

Орташа су: сіздің тұрмысыңыз сіз армандаған тұрмысқа жартылай болса да жақын.

Толы су: сіз қазіргі тұрмысыңызға өте ризасыз.

4. Құмыраның материялы.

Әйнек, фарфор, балшық: сіздің тұрмыста дәрменсіз, басқалардың көмегіне мұқтаж екеніңді бейнелейді.

Метал, пластик: сіздің тұрмыста мықты адам екеніңізді
өңделейді.

5. Кілт.

Тек бір ғана: сіздің тек жалғыз досыңыз ғана бар.

Бірден беске дейін: сіздің бірнеше досыңыз бар.

Алтыдан онға дейін: көптеген достарыңыз бар.

6. Қала қорғаны.

Ескі қорған: сіздің өткен өміріңізде араласқан достарыңыз жайлі
қоңілсіз, еске алуға татымайтын істер болған.

Жаңа қорған: сіздің өткендегі достарыңызбен болған тамаша
қырым-қатынас сезіміңіз жүрегіңіздің түпкірінде сақталған.

7. Лас көлшіктегі асыл тас.

Алған болсаңыз: сіздің өмірлік жарыңыз қасыңызда болса да, сіз
басқаларға қырындайсыз.

Алмаған болсаңыз: сіздің өмірлік қосағыңыз қасыңызда болса, сіз
тек осы адаммен бірге боласыз.

8. Мөлдір көлшіктегі ақшалар.

Алған болсаңыз: сіздің өмірлік қосағыңыз сіздің қасыңызда
болмаса, сіз маңайдағыларыңызбен жақсы боласыз.

Алмаған болсаңыз: сіздің өмірлік қосағыңыз сіздің қасыңызда
болмаса да, сіз оған мәңгі адалсыз.

9. Сандықтың үлкен-кішілігі.

Кішкене: жауапкерсіз.

Орташа: мәлім мөлшерде жауапкершілік бар.

Үлкен: жауапкершілігі күшті.

10. Сандықтың материалы.

Қатты қағаздан, ағаштан (сырты жарқырамайды): сіз кішпейіл
жансыз.

Метал: мақтаншақ әрі тоңмойын жансыз.

11. Көпірдің материалы.

Метал: достарыңызбен өте жақын, қою байланыстасыз.

Ағаш: достарыңызбен белгілі дәрежеде байланыстасыз.

Өрім: сіздің айналаңызда ешқандай досыңыз жоқ.

12. Аттың түсі.

Ақбоз ат: сіздің қосағыңыз сіздің жүрегіңізде кіршіксіз әрі
ардақты.

Күрең арғымақ: сіздің қосағыңыз сіздің жүрегіңізде әдеттегідей
ғана.

Қара тұлпар: сіздің қосағыңыз сіздің жүрегіңізде тым жақсы өмір тіпті жаман болу мүмкін.

13. Аттың қимылы.

Тыныш тұрған не жайылып тұрғанды таңдаған болса: сіздің қосағыңыз үйдің қамын жейтін кішіпейіл адам.

Шапқылағанды таңдаған болса: сіздің қосағыңыз тұрпайы адам.

14. Ең соңғы әрі ең маңызды сұрақ, иә, әңгіменің аяғы боран соққанға келді, сол жағдайға не істедіңіз:

- Жүгіріп барып сандыққа тығыламын.
- Жүгіріп барып көпірдің астына тығыламын.
- Арғымаққа міне қашу.

Қазір біз бұл заттардың нені бейнелейтініне қарайық:

Соққан құйын: сіздің өміріңіздегі қиыншылық.

Сандық: өзіңіз

Көпір: досыңыз

Жылқы: өмірлік қосағыңыз.

Сандыққа тығылу: қандай қиыншылыққа кездесеңіз де жалғыз өзіңіз қарсы тұрасыз.

Көпірдің астына бару: мейлі қандай уақытта қандай қиыншылыққа жолықсаңыз да достарыңызбен бірге шешесіз.

Тұлпарды таңдаған болсаңыз: қандай қиыншылық, боран шашынды күнде де өмірлік қосағыңызбен бірге өткізесіз.

« Карусель » жаттығуы

Мақсаты: Қарым-қатынасты дамытуға арналады

Топ мүшелері 2-ге бөлінеді. 1-ші топ ішкі, 2-ші топ сыртқы топ болып бөлініп, екі шеңбер жасайды.

Жетекшінің берген белгісі бойынша ішкі топ сағат тілі бойынша қозғалады, жетекшінің сигналы бойынша олар тоқтайды да, екеуден ішкі топ пен сыртқы топ бір-біріне қарсы тұрған адамдар бірігеді. Әрбір топқа кезекпе-кезек жетекші белгілі бір роль беру керек, олар тез арада сол рольді 2-3 минутта көрсетуі керек. Мысалы: сатушы-сатып алушы; мұғалім – оқушы, дәрігер – қаралушы; полиция – шофер; әке – бала; анасы – қызы. Бұл жаттығу әрбір адамның өзінің мінезін, көңіл күйін, қабілетін, өзгерте білу осы арқылы өзгелермен еркін араласу қабілетінің дамуына көмектеседі.

«Бүлінген телефон»

Мақсаты: Есту қабілетін дамытуға арналған

Психолог бір сөзді педагогтың құлағына сыбырлап сол пікірді қайталайды, солай жалғаса беріп барлық балаларға жеткізеді. Ең соңғы педагог пікір сөзді естіртіп дауыстап айтады. Мен әрқашан шындықты айтамын.

«Көңіл күйімізді жаттықтыру»

Мақсаты: Шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл күйімізді жаттықтыра алуға арналады.

Нұсқау: Бүгін мен сендерге актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсет десем, соны бет-әлпеттеріңмен бейнелейсіңдер.

1. Қабақтарыңды түйіп, ашулы адамның кейпін көрсетесіңдер
2. Қатты қорқу қажет. Қасқырдан қорыққан қоян сияқты немесе ұядан түсіп қалған балапан сияқты, мысықтан қорыққан тышқан сияқты және иттен қорыққан баланы бет-әлпеттеріңмен көрсету қажет.
3. Жылап тұрған адамды көрсету.
4. Жәй күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету
5. Өлең айтып тұрған адамдың сезімін көрсете білу

«Ауызша волейбол» ойыны

Мақсаты: Өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге, өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге, бір-бірін терең түсінуге арналады.

Допты бір-бірне берген кезде педагогтар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек.

Мысалы:

- шыншылдық;
- мейірімділік;
- адамдық;
- адамгершілік әділдік;
- кішіпейілдік;
- батылдық;
- ұстамдылық;
- жанашырлық.

Өзінде басым қасиетті айта білулері қаралады.

«Кім екенін тап» ойыны

Мақсаты: Топ мүшелерінің бір-бірін тануға көмектеседі

Әрбір адам өзінің аты-жөнін көрсетпей, өз-өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамды-ұнамсыз қасиеттерін жазу. Бұл мінездеме жазылған бетерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табуы керек.

Бұл жаттығу өзгелерді дұрыс қабылдап, тану арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін білуге үйреді

"Алып" ойыны

Мақсаты: Ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Екі педагог қатар тұрады, біреуінің сол аяғын екіншісінің оң аяғына байлайды, сөйтін бір белгіленген жерге барады. Немесе: үш, төрт, т.б. балаларды бірге байлайды, сосын олар бірге жүруге тырысады. (бақаға ұқсап секіреді).

"Көпір" ойыны

Еденді бормен "көпір" (түзу) сызылады. Екі топ, бір-біріне қарсы шыққан педагогтар "көпірден" құлап қалмай өтуі керек. Педагогтар бір-біріне көмектесіп, орындарын ауыстырып, бір-бірін өткізін жіберулері керек.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. М.И.Лисина. Проблемы онтогенеза общения. -М.: Педагогика, 2012. -230.
2. А.А.Бодалев. Психология общения. –М., 2003. -140.
3. А.В.Запорожец, М.А. Лисина. Развития общения у школьников. - М. Педагогика, 2013
4. Ә.Алдамұратов. Қызықты психология. - Алматы, 2010. -190.
5. Е.А.Алябьева. Психогимнастика в детском саду. – Москва, 2003г.
6. И.Л.Арцишевская. Работа психолога с гиперактивными детьми в детском саду. – Москва, 2014 г.
7. В.Л.Шарохина. Коррекционно-развивающие занятия в средней группе. – Москва., 2014
8. И.В.Ганичева. Телесно-ориентированные подходы к психокоррекционной и развивающей работе с детьми: 5-7 лет. – Москва. 2004. -190.
9. Е.А.Алябьева. Коррекционно-развивающие занятия для детей старшего дошкольного возраста. – Москва., 2015. -210.
10. Г.А.Широкова. Справочник дошкольного психолога. – Ростов-на-Дону, 2006. -220.
11. Е.И.Рогов. Настольная книга практического психолога. – Москва., 2001. -300.
12. С.А.Козлова, А.С.Куликова. Дошкольная педагогика. М., 2000. -150.
13. А.Менжанова. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, «Мектеп», 1982. -200.
14. В.С.Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. - Алматы, 1986. -190.
15. Л.И.Божович. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М., 1999. -180.
16. Т.Д.Рихтерман. Формирование представления о времени у детей дошкольного возраста. - М., 1999. -180.
17. В.С.Мухина. Детская психология. -М.,1985. -220.
18. М.А.Аралова. Формирование коллектива ДОУ. – М., 2005. -180.
19. М.Жұмабаев. Педагогика-Алматы: Ана тілі, 1992.-160
20. С.Қ.Бердібаева. Таным субъектiсi: танымдық процесстер : Оқу - әдістемелік құрал. –Алматы. 2004. -160.
21. Х.Т. Шерязданова. Учить детей общению. -Алматы. 1997. -150.

22. С.Ю.Головин. Словарь-психолога –практика. -Минск: Харвест, А:АСТ, - 2001. -200.
23. А.А.Рожк. Психологический конфликт и особенности индивидуального развития личности ребенка. -М., 1988. -300.
24. Н.Қ.Токсанбаева. Психологияда қарым-қатынас мәселелері // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2005. -200.
25. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. –Алматы: Раун, 1993. -176.
26. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану. -Алматы, 1993. -200.
27. Қ.Толыбаев. Кел, ойнайық. -Алматы. 1990-162.
28. С.А.Ұзақбаева, А.К.Айтпаева. Воспитательные возможности казахских народных детских игр. -Алматы, 1996. -355.
29. А.Аралбаева. Мектепке дейінгі педагогика. -Астана. 2012. -210.
30. Т.Бакиева, Т.Тасеева. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындар мен жаттығулар. -Астана. 2014 -120.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Мектепалды даярлық топқа арналған түзету-дамыту сабақтары	5
Ересектер тобына арналған түзету-дамыту сабақтары.....	88
Ата-аналарға психологиялық кеңестер	103
Ата-аналарға арналған дөңгелек үстел	118
Педагогтарға арналған семинарлар	126
Педагогтарға арналған тренингтер	133
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	143

Р.К.Керимбаева, А.С.Ережепбаева, Ж.Қ.Даниярова

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН
ТҮЗЕТУ-ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫ**

Оқу-әдістемелік құрал

Техникалық редактор
Редакциялық сектор жетекшісі
Компьютерлік беттеу

Бейсенбекова А.Ж.
Айдарова Н.М.
Қуанышбек А.Ж.

Баспаға 18.03.2022 қол қойылды.
Пішімі 60x80 1/16. Есепті б. т. 9,0. Шартты б. т.9,2.
Таралымы 300. Тапсырыс 748

ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.»
«Алтын баспа» баспасы
080000, Тараз қ., Қазыбек би көшесі, 138